

**Атемова Қ.Т., Мендикулова Ж.А.**

**Ұлы ғұламалар  
мұраларындағы педагог  
маманның кәсіби тұлғасы  
туралы идеялар**

*Оқу құралы*

Шымкент, 2017

**ӘОЖ 74.00**

**КБЖ 37**

**A11**

Оқу құралы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің оқу-әдістемелік кеңесінде мақұлданған. (Хаттама №10, 24.05.2017 ж).

***Пікір білдіргендер:***

***Жолдасбекова С.А.*** – педагогика ғылымдарының докторы, профессор

***Керімбаева Б.Т.*** – PhD докторы, доцент

**Атемова Қ.Т., Мендикулова Ж.А.**

**A11** Ұлы ғұламалар мұраларындағы педагог маманның кәсіби тұлғасы туралы идеялары: ***Оқу құралы.***- Шымкент, «Әлем», 2017. - 80 бет.

**ISBN 978-9965-811-01-2**

Оқу құралының мазмұны ұлы ғұламалар әл-Фараби, М.Қашқари, Ж.Баласағұн, Қ.Ясауи және т.б. мұраларындағы педагог маманның кәсіби мәдениеті мен тұлғалық сапалары туралы көзқарастарын жүйелеп, қарастырады. Сонымен қатар, ұлы ғұламалар мұраларындағы педагог маманның кәсіби тұлғасына қояр талаптарының кейінгі ұрпақ өкілдері көзқарастарындағы сабақтастығы мен бүгінгі күнгі өміршеңдігі сипатталып баяндалады.

Бұл оқу құралы жоғары оқу орындарындағы педагогикалық мамандықтағы студенттер мен магистранттарға, сондай-ақ, оқытушылар мен тәрбие саласындағы қызметкерлерге арналады.

ӘОЖ 74.00

КБЖ 37

ISBN 978-9965-811-01-2

© Атемова Қ.Т., Мендикулова Ж.А., 2017

© «Әлем» баспасы, 2017

## КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағытының төртінші тармағында: «Білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізі. Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз болып қалғалы қашан. Жоғары оқу орындары білім беру қызметімен шектеліп қалмауы тиіс», - деп мамандардың кәсіби дамуының тұлғалық жан-жақтылығын қалыптастыру қажеттілігін атап өткен болатын. Қазақ халқының сан ғасырлық тарихын зерделеген академик философ Әбдімәлік Нысанбаев ағамыз қазақ халқының тарихи дамуы мен қалыптасуын түркілік кезеңнен бөліп қарастыруға болмайтындығын, сондықтан ата тегіміз болып келетін түркі халықтарының ділі мен дінін, дүниетанымы мен әлемді философиялық тұрғыдан игеру тәжірибесін қазіргі дамуымызда, өркениеттік жолында және ел тәуелсіздігін нығайту тұрғысында толық ескеруіміз керек деп Елбасы пікірін толықтыра түскен еді. Осылайша мамандар даярлау үрдісінде әлемдік идеяларды пайдаланумен қатар түп тамырымызда орын алған түркі әлемінің озық идеяларын да сабақтастықта пайдаланудың маңыздылығын меңзеген.

Рухани өмірдің бедерсізденуін еңсеру мен қазақ халқының өзіндік санасын жаңғырту міндеттері әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар, әсіресе педагогика ғылымы саласында, оның ішінде түркі өркениетінің ерекшеліктері мен тарихи тамырларын дүниежүзілік мәдениетпен салыстыра отырып, кешенді түрде зерттеулер жүргізу қажеттігінен туындатып отыр. Ол үшін ең әуелі түркі тектес ойшылдардың еңбектеріндегі педагогикалық ойлар тарихын жан-жақты зерттей отырып, түпкі мәнін айқындау мен зерттеу жүйесін саралау, теориялық тұжырымдар жасап, тәлім-тәрбие әдістерін анықтап алуымыз керек. Түркі ұлыстарынан шыққан ұлы ғұламалар өздері қай ұлыстан болмасын, өз шығармаларын сол кездің, барлық түркі елдер

тайпалары қолданған ортақ әдеби тілде көне түркі тілінде ескі таңба үлгілерінде жазған.

Қазіргі заман талабына сай педагогикалық ғылымда ұлы ғұламаларымыз бен ойшылдарымыздың халықтық, мұралық тәліми пікірлерін жастарға оқыту және саналарына сіңіру бүгінгі күннің сұранысына айналып, үлкен маңызға ие болып отыр. Өйткені, адамзаттың дамуындағы мәдени білімдерді нақты, анық танып біле отырып, оны қайта қарау арқылы ғана бүгінгі қоғамдық мәдениетті құруға қол жеткіземіз.

Қазіргі кездегі білім берудің маңызды рөлі - болашақ мамандарды даярлау мәселесін адам іс-әрекетінің ең маңызды саласына айналдыру. Олай болса, бүгінгі күні кәсіби қоршаған ортаның бәсекелестігі жағдайында жұмыс жасау үшін мамандар жаңа технологияларды меңгеріп, өзгермелі өмір жағдайларына тез бейімделетін, кәсіби, тұлғалық-әлеуметтік тұрғыдан құзыретті болуы тиіс. Сондықтан қазіргі таңда құзыретті мамандар даярлау мәселесі білім беру кеңістігіне ену жағдайларымен байланысты өзекті болып отыр.

Педагогикалық мамандық бір уақыттың өзінде өзгертуші және басқарушы қызмет атқарады. Тұлға дамуын басқару үшін педагогтан алдымен адамгершілік, тұлғалық сапалар талап етіледі. Педагогтың тұлғалық сапасы немесе тұлғалық құзыреттілігі оның жалпы кәсіби дайындығының бір бөлігі ретінде педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыруға қажетті тұлғалық дайындығын білдіреді.

Әртүрлі саладағы, атап айтқанда философия, социология, психология, педагогика және т.б. ғылымдардың барлығы дерлік «тұлға» мәселесін өздерінің зерттеу нысанына алатындығын жақсы білеміз. Тұлға - әлеуметтанудың өзекті мәселелерінің бірі, өйткені, қоғамдағы болып жататын әлеуметтік құбылыстар мен процестердің, сол сияқты жекелеген адамдар мен әлеуметтік топтардың іс-әрекеттерінің себептерін, мәнін жеке тұлғалардың мәнді сипатты белгілері арқылы түсінуге болады. Басқаша айтқанда, жеке тұлғаның мінез-құлқы арқылы тұтас топтың, қоғамның өмірін түсінуге болады.

Сонымен, тұлға - адамның тек табиғи-биологиялық қасиеті ғана емес, ол табиғаттан тысқары тұрған, тек қана қоғамда өмір

сүріп, қоғаммен тығыз байланыс-қатынастар негізінде қалыптасқан адамдардың мәні. Мұны адамның әлеуметтік сипатының бастамасы деп те атайды. Нақтылап айтсақ, тұлға - индивидтің табиғаттан тыс адами қасиеті, яғни оның әлеуметтік өмірінің мәнді жақтарын сипаттайтын сапасы.

Осы тұста біз елбасы Н.Ә.Назарбаевтың тағы да мынадай бір сөзін еске салып өткіміз келеді: «Білім мен тәрбие адамгершілікті тұлға қалыптастырудың қос қанатындай. Білім әлемдік, ал тәрбие ұлттық болуы керек». Осылайша бүгінгі жаһандану заманында әлемдік және ұлттық білімдерді қатар алып жүрудің қажеттілігін ескертеді. Сондықтан, тәрбиеде ілгері жылжи отырып, ата-бабалар өсиеттерін ескеруді де ұмытпайық. Ол үшін бүгінгі маман даярлау жүйесінде ұлы ғұламалар мұраларындағы маманның келбеті мен кәсіби сапалары туралы идеяларын пайдалану тиімді болмақ.

# 1–ТАРАУ

## ҰЛЫ ҒҰЛАМАЛАР МҰРАЛАРЫНДАҒЫ ПЕДАГОГ МАМАННЫҢ КӘСІБИ ТҰЛҒАСЫ ТУРАЛЫ ИДЕЯЛАРЫ

### 1.1 Әл-Фараби мұраларындағы маманның кәсіби тұлғасы туралы көзқарастары

Қасиетті қазақ даласы талай ұлы ғұламаларды дүниеге алып келді. Қазақ топырағының көкірегі ояу, көзі ашық, ойшыл азаматтары бүкіл шығыс араб-парсы мәдениетін меңгеріп, өз шығармаларын көпке ортақ тілде жазды. Сөйтіп, өз білімдерін кейінгі ұрпақтарына мұра етіп қалдырды. Олардың ішінде аты әлемге жайылғандары да аз емес. Солардың бірі – күллі әлемге танымал ұлы жерлесіміз - Әбу Насыр әл-Фараби.

Әл-Фараби (Әбу-Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Тархан ибн Ұзлақ әл-Фараби ат-Түрки) (870-950) - Аристотельден кейін дүниежүзі білімі мен мәдениетінің екінші ұстазы атанған данышпан, энциклопедист ғалым.

Орта ғасырдағы өнер мен ғылымның, сәулет өнері мен құрылысының, сауда-саттық пен шаруашылықтың дамуы әртүрлі саладағы мамандардың болуын керек етті. Елдегі қоғамдық әлеуметтік жағдайлардың қарқынды дамуы тек қана маманның кәсіби қалыптасуын ғана емес, олардың шығармашылық сипат алуына да ықпал етті. Оған дәлел орта ғасырдан бүгінге дейін жетіп келген сәулет өнерінің туындылары мен ғылыми еңбектерінің қоғамдық мәні бола алады. Қоғамдық тәрбие мекемелерінің жеткілікті болмаған кезінің өзінде жастарды кәсіпке баулу отбасы тәрбиесі жағдайында жүзеге асырылып келген. Ата кәсібін жалғастыру дәстүрі ұрпақтан-ұрпаққа ата-баба жолымен беріліп, кәсіптік шеберліктің сырларын меңгеруге отбасы тәрбиесінің жағдайы мүмкіндік берді.

Жастарды кәсіпке баулу мен олардың мамандық шеңберіндегі тұлғалық қалыптасуы жөніндегі көзқарастар орта ғасырдағы ұлы ойшылдар еңбектерінен кеңінен орын алған. Орта ғасырдың ғұламалары әл-Фараби еңбектеріне талдау жасап қарасақ, жеке тұлғаның адамдық қасиеттері мен кәсіби қасиеттерін бөліп қарамай, оларды тұтастықта байланыстырып кемелділіктің

шарттары ретінде сипаттайды. Бүгінгі жаһандану жағдайында біз нарық талаптарын ескеруде осы ғұламалар көзқарастарын басшылыққа алуымыз қажет.

Ұлы ғұламалардың қай қайсысы болмасын кәсіп иесінің ең алдымен жеке басының қалыптасуына ерекше мән беріп, оның кәсібінің халық игілігі үшін жасалуы тиіс екендігіне маңызды орын береді.

Бүгінгі таңдағы маман даярлау үрдісінің барысында біз маманның тұлғасына қояр талабымызды елімізді озық отыз елдің қатарына қосуға үлесін қосатын тұлға деп, ал оның жеке басының талаптарына келетін болсақ, бәсекеге қабілетті болуын мақсат етеміз. Ал ол қандай талаптарға жауап беруі керек екендігін оның бойынан көргіміз келетін қасиеттер жиынтығы арқылы сипаттаймыз.

Ұлы ғұламалардың қай қайсысы болмасын, баланы кәсіп иесі ретінде тәрбиелеуде ең алдымен оның икемділігі мен нендей жұмысқа қабілеттілігін білуіміз шарт деп біледі. Ол баланың еңбектенуі немесе кәсіпті меңгерудегі дара ерекшелігін айқындайды.

Жоғары мектеп педагогикасының негізгі қағидаларына сай сапалы білім мен тәрбие беру үшін ең алдымен маманның тұлғалық сапасының жоғары болуы қажет екендігі бүгінгі күннің талаптарымен дәлелденіп келеді. Сондықтан кез-келген маман иесін алдымен тұлға ретінде қалыптастыру, қарым-қатынас жүйесінде маңызды орынды иеленеді. Әсіресе, бүгінгі жаһандық білім беру жағдайында тұлғаның ұлттық болмысы мен құндылықтарын сақтап қалу жаһандану үрдісіне төтеп берудің бірден бір жолы екендігін естен шығармағанымыз жөн.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстан - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Барлық дамыған елдердің сапалы бірегей білім беру жүйесі бар. Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бізді ауқымды жұмыстар күтіп тұр», - деп бүгінгі білім беру жүйесінде жастарға әлемдік озық тәжірибелерді үйретумен қатар ұлттық білімді қатар алып жүруді міндеттеді.

Бүгінгі күні маман тек жоғары білімді сауатты да білікті адам емес, сонымен қатар рухани дүниесі ізгілендірілген тұлға болуы

тиіс. Өйткені, болашақ маман адамдар арасында қарым-қатынас орнатып, сол арқылы қоғамдық пайдалы әрекеттермен айналысатындықтан өз ортасында позитивті ықпал етуші, ынталандырушы күрделі жаратылыс ретінде көрінуі тиіс. Ол ең алдымен ұжым басшысы, мекеме басшысының жеке тұлғасынан бастау алуы керек. Бұл жөніндегі ойларды орта ғасыр ғұламалары кеңінен қарастырып, көпшілік назарына насихаттап кеткен. Солардың бірқатарын бүгінгі маман даярлау жүйесінде пайдалану тиімді әрі орынды.


Мемлекетті басқару немесе оқу үрдісін, ұжымды басқаруда басшының болмысы мен тұлғаның сапалық қасиеттерін ғұлама ғалым әл - Фараби ерекше сипаттап, әр қырынан дәлелді тұжырымдарын берген. Ол өзінің „Бақытқа барар жолда“ деген еңбегінде маманның тұлғалық моделінің құрылымын айқындап береді. Онда ғалым маман үшін ең маңызды қасиет оның денсаулығының мықты болуы деп көрсетеді, яғни адам баласының барлық мүшелері өз қызметтерін мүлтіксіз атқаратындай болғанда қызметте жоғары сапа болатындығын айтады. Сонымен қатар, маман өз қызметінде алғыр да, аңғарымпаз болмаса кәсіби қызметтегі ерекшеліктерге сай әрекеттер өз деңгейінде орындалуы мүмкін еместігін айтады. Оларды естен шығармайтын ақыл иесі, соған қоса өткір сөз иесі, нақты шешіп айтатын әділ де адал болуын тұлғалық қасиеттердің ішіндегі маманға қажетті маңыздылары деп түсіндіреді.

Маман иесі тұлға ретінде сегіз қырлы бір сырлы азамат болуы керектігін *„өнер - білімге құштар болу, ақыл үйренуден шаршап - шалдықпай, осыған жұмсалатын еңбектен қиналып азаптанбай, бұған онай жететін болу керек“*, -деп түсіндіреді. Осындай көптеген қасиеттерді атап, мұндай сапалар бойынан табылатын тұлға маман ретінде кәсіби білікті деп табылатындығын тұжырымдайды.

Сөйтіп, әл-Фараби көзқарасында мұндай қасиетке ие болатын адам кез-келген ортада қазмет еткенде сол ортаның көсемі, ақылды басшысы бола біледі дегенді айтады. Ең болмағанда осы қасиеттердің үштен екі бөлігін маман бойына қалыптастырсақ ол маман өз ісінің шебері бола біледі. Бұл қасиеттер бүгінгі қоғамның маман қызметіне қойылатын талаптардың бәсекеге төтеп беретін тұлғаның қалыптасуына сұраныс жасап жатқан кезеңінде өзектілігі артып отыр.



Осылайша, бабамыз әл-Фараби өнегелі ұстаз бен әділ билеушіге ортақ он екі қасиетке мән беріп, оның маңыздылығын сипаттайды. Оны төмендегі суреттен көруге болады.



Сурет 1- Әл-Фараби мұраларындағы маманның тұлғасына тән қасиеттер сипаты.

Сонымен қатар, ғұлама көзқарасы бойынша бәсекелестікке қабілеттіліктің тағы бір белгісі жақсы мінездің болуы деп түсіндіреді. Әл – Фарабидің пікірінше педагог мамандығының иесі барлық ой мен қимыл әрекетіне ақылдың дәнін сеуіп, нұр құятын тынымсыз жан болып табылады. Болашақ мамандар санасына ақыл мен тәрбиенің дәнін сіңіретін тәрбиеші, ұстаз-педагогтар болып табылады. Әрбір педагог өз ісінен рахаттанып, тәрбиешілерге қуаныш сыйлағанда педагогикалық үрдіс адамгершілік шеберханасына айналмақ. Осы тұста әл - Фараби: „Кімде - кім өзінің тіршілігі үшін, өзіне пайда келтіретін еңбекпен айналысса, сонда ғана ол нағыз ел адамы бола алады“, -

деген өмірлік өсиет қалдырды. Ғұламаның еңбек тәрбиесі туралы көзқарастары өзінен көп кейінгі ұрпақтар еңбектерінде жалғасын тауып жатты. Олай деп тұжырым жасауымызға ұлы Абай еңбектері негіз болады. Ақын осы тұста „Кімде кім өзі үшін ғана өмір сүрсе, өзі үшін оттаған хайуанмен тең, ал халық игілігі үшін өмір сүрсе, ол Алланың сүйген құлы болмақ“, - деп айтады. Олай болса, маман өз қызметі арқылы елге, халыққа қызмет етіп, пайдасын тигізуі маңызды орынды иеленуі керек екен.

Ғұлама әл-Фараби баланы кәсіпке баулып, тәрбиелегенде мынадай шарттарды ескерудің маңыздылығын айтады. Бұл жөнінде ол: "Әрбір балаға өзінің ерекшелігіне қарай бір жұмыс белгіленуі тиіс. Өйткені,

- біріншіден, әрбір адам кез - келген жұмысқа және кез - келген кәсіпке жарамды бола бермейді. Және басқа адам емес, кейде тек сол адам, басқа бірер жұмысқа емес, тек сол жұмысқа жақсырақ жарамды болады;

- екіншіден, бір жұмыспен немесе кәсіппен шұғылданатын әрбір адам бұл жұмысты неғұрлым жетік және жақсы атқарып, бұл жұмысты білгір және шебер атқарып, бұл жұмыста білгір және шебер болып шығады, өйткені, ол өзін осы жұмысқа жастайынан үйретеді;

- үшіншіден, көп жұмыстарды бірмезгілде орындап шығу көп уақыт алады. Сондықтан баланы жұмыспен баулуда әр түрлі жұмыстарды қатар орындауды талап етпей, бір жұмысты тиянақты орындап бітіруді талап еткен абзал", - деп балаларды еңбекке тәрбиелеудің тиімді шарттарын көрсетеді.

Ғұлама әл-Фараби мамандар арасындағы басшы мен қызметшілердің қарым-қатынасы туралы олардың білімі мен қабілеті арқылы орындалатынын сипаттайды. Ол: «Қайсыбір салада нәтижеге жетуге қабілетті адамдар ондай қабілеті жоқ адамдардың басшысы болады. Әйтпесе, бұл оң нәтиже бермейді. Нәтижеге жетуге көбірек қабілеті бар адамдар нәтижеге жетуге қабілеті аз адамдарға басшы болса ғана қарамағындағыларға қуаныш, оң нәтиже береді» дейді.

Бойында небір тамаша қасиеті бар адамдар болғанымен, егер дұрыс тәлім-тәрбие алмаса, оның игі қасиеттері көрінбейді. Сондықтан, адам бойындағы жақсы қасиеттерін, ерік-жігерін,

қабілеттілігін, ақыл-парасатына дұрыс бағыт-бағдар беру арқылы жетілдіруге болатындығын дәлелдеп көрсетеді. Ол үшін осы тәрбиені беретін ұстаздың «ақылгөй» болуын, оның рөлінің ерекше екендігін жоғары бағалаған. «Кез-келген адам айтқанның барлығын орындап, үйреніп, дұрыс ақылдың барлығын іске асыра бермейді. Бұл әрекет адамдардың көпшілігіне тән. Сондықтан қоғам немесе ұжым ақылды, айтылған өсиетті орындата білетін адамға зәру болады», - дейді.

Әл-Фараби басқаға басшылық ету әр адамның қолынан келе бермейтіндігін және (тиісті әрекетті жасауға) басқарушы қабілет те әрбір адамда бола бермейтін қасиет екендігін, басқалардың айтқанын ғана істеуге қабілеті бар адам ешбір жағдайда басшы бола алмайтындығын, ондай адамдар барлық жағдайда тек басқа біреудің басшылығында болатындығына тоқтала отырып, ел басқаруды үлкен өнер деп бағалайды. Ұлы ғұлама адам бойындағы тағы да бір өзіндік ерекшелік деп өзгеге өз айтқанын істете білетін адамдардың, яғни «басшылардың» басқару қабілетіне тоқталады. Егер адам бойында өз ойлағанын немесе іс-әрекетін өзгеге істете білетін қасиеті, яғни «ілестіріп алып кететін» ерекшелігі, я болмаса «итермелеуші» қасиеті болмаса ол басшы бола алмайды. Яғни, дұрыс басшылық жасау үшін әрбір басқарушы адамдарға басқарушылық қабілетін шебер ұштастыра білуі керек деген.

Әл-Фараби басшылыққа бағынатын адамдарды қайырымды, абзал және бақытты адамдар деп санайды. Бұл адамдар халық болып құрылса, ондай халықты қайырымды халық деп, ал қоныстанып біріксе, қайырымды қала болып табылады деп көрсеткен. Бұл қайырымды қаланы билейтін басшылардың тілектері, мақсаттары және оны іске асыру әрекеттерінің шынайы, бірыңғай болуының арқасында нәтижеге ие болатындығын және олардың өз бетінше орынды деп тапқан іс-әрекеттері болса, басқару бағытын өзгерте алатындығын, ондай басшының заң бойынша нағыз билеуші болып табылатынын айтады.

«Қала әкімінің ісі, яғни басшының ісі – қала бөлшектерінің өзара байланысын және өзара келісімін орнататындай етіп қала басқару, оның тұрғындарының игілікке ие болумен бірге

зұлымдықтың тамырын жою ісінде де біріне-бірі көмек көрсететіндей тәртіп орнату және бақытқа жету үшін пайдасы тиетіннің бәрін сақтап, көбейтіп, зиян келтіретін нәрсені пайдалы етуге тырысып, пайдалы етуге болмайтын нәрсенің зиянын жоюға немесе азайтуға, сәл де болса бағытталуы керек», - дейді. Бұл педагогикалық үдерісті басқаруда, тіпті оқушылар ұжымын басқаруда да қолдануда басшылыққа алынатын идея.

Ұлы ғұлама әл-Фараби қала басшысының (ұжым басшысының деп алуға болады) істейтін игі істеріне тоқталады. Олардың басқару ісінде келісімге келіп, тіл табысып, зұлымдықты пайдалы іске айналдырып, болмаған жағдайда зиянсыздандырып, адамдардың бір-біріне көмек көрсететіндей, бір-біріне қуаныш сыйлап, бақытқа бөлейтіндей етіп басқаруына тоқталады. Ғұлама адам бойындағы өзі өмір сүрген ортаға жақсылық жасау қасиетін бағалай отырып, бұл қасиеттің басшының (бізше «тұлғаның») өн бойында болу керектігін дәлелдейді. Игілікті істерді біліп қана қоймай, оны іс жүзіне асыруға әрекет жасау керектігін және оған бағыттап отырудың қажеттілігін басты мәселе етіп қозғайды.

«Атақты адамдарға келетін болсақ, олардың пікірінше, атақтылықтың бұрынғы ұрпақтарынан мирас болып қалған, олардың әкесі мен ата-бабалары бай болса, немесе рахат өмірге кенелу үшін, оларда қымбат нәрселер, қаржы-қаражат мол болса, я болмаса, бәсеке-жарыстардан жеңіп шықса және осы нәрселерімен басқаларға пайдасын тигізген болса, бұл топ адамдарына немесе қаланың барлық тұрғындарына, өздерінің сұлулығымен, төзімділігімен және ажалдан қаймықпайтын айбатымен, яғни жеңіске жету қаруларымен көзге түскен болса, атақты болады», - дейді.

Адам бойындағы атақтылық қасиеттің осылайша қалыптасатынын ұлы ғалым бізге сол кездегі адамдардың ой-түсінігімен, топшылауымен түсіндіруге тырысқан. Атақ-абыройдың қалайша келетінін жіктей отырып, байлық-мансабымен қатар, басқаларға пайдасын тигізетін, өздерінің бойындағы жан сұлулығы мен төзімділігін, қаймықпайтын айбатын көрсете білетін адамдарды атақты адамдар қатарына жатқызады. Абыройқұмар басшы байлыққа, мансапқа қызықпай

өздерінің істеген игі істері үшін тек құрметтен басқа ешнәрсе талап етпейтін, өзі істеген игілікті істері үшін мадақтауды ғана талап ететін басшыларды айтқан. Әкімдердің осы қасиеттеріне орай «атаққұмар», «абыройқұмар» басшылар деп екіге бөліп қарастырады.

Атаққұмар басшылар өздерінің қарамағындағы адамдардан алшақтай түседі. Олар адамдарды дәреже-дәрежеге бөліп, оларға атақ әперетін, яғни киім-кешек, үй-жай, тиісті шен, мінетін көлік тағайындап, дәрежесіне қарай үлестіретін, өзі де сондай сый-құрметке ие болатындарды жатқызады. Солайша олар құрметке ие болатындығын, даңғой қала тұрғындары мен даңғой қоғам тұрғындарының басшыларының бойындағы іс-әрекеттерін талдап көрсетеді. Ғалымның басшы бойындағы келеңсіз әрекеттерді ажыратып талдауынан, біз қазіргі қоғамдағы кейбір басшылардың бойындағы келеңсіз қылықтарын сол кездің өзінде көре білгендігін байқаймыз.

Ғалым байлыққа, жан рахатына, сауық-сайран мен сый-құрметке, зорлық-зомбылыққа бой ұсынбай, ақыл-ойы мен тапқырлығын қанағатшылдыққа жұмсайтын, ел басқаратын басшы тұлғасын анықтайды. Қалаларды «надан қала», «құлықсыз қала», «адасқан қала», «мансапқор қала», «пасықтық қаласы», «айырбас қала» және т.б. деп талдай отырып, осы қала тұрғындарының және оны басқаратын басшыларының бойындағы қасиеттерін саралай келе, қайырымды қала тұрғындарына және қайырымды басшы бейнесіне талдау жасайды. Сөйтіп, осындай басшы бойындағы қайырымдылық қасиеттерді дәріптейді. Әл-Фараби өзінің «Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері» деген еңбегінде «Қалаларды қалай басқару керек?» - дей отырып, бұл сұраққа жауап та береді. Ол - басқарғанда ондағы тұрғындардың тұрмысының жақсаруына көмектесу, сөйтіп оларды бақыт жолына бағыттап отыру керектігін нақтылайды. Яғни, өз өмірінің бақытын көру үшін өзгеге қызмет ету, өзгені бақытты ету үшін өз бойындағы күш-қуатыңды, ақыл-ойыңды жұмсау қажет деген қағиданы ұстанады. Ол үшін ел басқаратын басшы немесе маманға білім мен іскерлік, даналық керек.

Әл-Фараби маманның қызметінде кездесетін әрбір термин-

дерге ғылыми анықтама бере келіп, «Даналық дегеніміз – заттардың болмысын айқындап беретін, жалған себептерді және себептері бар заттардың таяу себептерін білуі, - деп көрсетеді. Мәселен, өнер ісінде мінсіз шебер және жетілген адамдарды «дана» деп атайды. Сондай-ақ пайымдағыштық, көрегендік, тапқырлық деген ұғымдарға да психологиялық анықтамалар берген. «Пайымдағыштық дегеніміз – адамның шын мәніндегі ұлы игілікке ие болуы үшін неғұрлым қолайлы да, дұрыс заттарды мінсіз ұғынуы және ашу қабілеті. Көрегендік дегеніміз – кейбір маңызы кем игіліктерге жету үшін не нәрсенің неғұрлым жақсы және лайықты болатынын мінсіз аша білу қабілеті. Тапқырлық дегеніміз – онан зор бір нәрсеге, игілік деп танылатын байлыққа, рахатқа немесе құрметке жету үшін ненің неғұрлым жақсы және лайықты болатынын анықтаған кезде дұрыс пайымдау қабілетінің бар болуы», - дейді. Шындығында да мамандар өз қызметінде адал да әділ болса, кәсіби білікті болса, сонда ғана педагогикалық қызметтің нәтижесі жемісті, тәрбие пайдалы болмақ. Олардың бұл әрекеттерінің қаншалықты пайдалы екендігін педагогикалық үдерістегі қарым-қатынастан туған психологиялық ахуал мен оқу-тәрбие жұмысының нәтижесінен көреміз. Ұстаздың педагогикалық шебірдігі мен кәсіби біліктілігі де осы оқушылар мен әріптестер арасындағы қарым-қатынаста айқын көрінеді.

Арнайы жүргізілген зерттеулер нәтижелері бойынша қатардағы адамдардың басым көпшілігі өзінің 70%, ал басшылық қызметтегі адамдардың өздері де жұмыс мерзімінің 80% уақытын осы қарым-қатынас жасауға жұмсайды екен.

Бұдан қарым-қатынас жасаудың үнемі екі жақты үрдіс екенін түсінеміз. Қатынас орнатудың нәтижесінде өзара ықпал етіп, адамдардың өмір тәжірибесі, іс-әрекеті, ой-пайымдары дамиды. Адамның өзгелермен тілдесіп, қарым-қатынас жасай білуі - жалпы адами қасиеттердің аса қажет түрінің бірі деп есептеледі. Бұл ғылыми әдебиеттерде көрсетілген қарым-қатынас түсінігінің мәніне берілген сипаттамалар адам баласының өмірі барысында маңызды рөлді атқаратынын дәлелдейді.

Бұл туралы ғұлама әл-Фараби өзінің «Бақытқа жету жолында» деген еңбегінде «Ұстаз бен шәкірт, тәрбиеші мен

тәрбиеленуші арасындағы қарым - қатынас өзара түсіністікке негізделуі үшін ересектер тарапынан болатын қарым-қатынас стилі тым қатал да, тым жұмсақ та болмауға тиіс», - деп айтады. Өйткені, егер қарым - қатынас тым қатал болса, онда тәрбиеленушілер немесе балалар бойын қорқыныш сезімі билейді, олар ересек адамды сол қылығы үшін жек көреді, оған сенбейтін болады. Бірақ қарым - қатынас міндетті болғандықтан, оларда екі жүзділік пайда болады. Егер қарым - қатынас тым жұмсақ болса, онда тәрбиеленушілер тарапынан оның ересектер талабына деген немқұрайдылық пайда болып, оның өзіне деген құрметі төмендейді, - деп талаптың қалыпты болғанын қажет деп санайды. Осылайша, оқу-тәрбие үрдісіндегі қарым-қатынас мәдениетінің қалыпты талабын сипаттайды.

Бүгінгі күні болашақ мамандар даярлауда олардың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру бәсекеге қабілеттіліктің бір қыры ретінде көрінеді және оның өзі де бірнеше компоненттерді құрайды. Атап айтқанда, *біріншіден*, болашақ маманның қарым-қатынасындағы мінезінің жайлы болуы. Өйткені, бүгінгі қоғамның даму жағдайында бәсекеге қабілетті маман қандай адам болса да өзінің тіл тапқыштық қабілетімен ортақ мәмілеге келе алатындай мінезге ие болуы маңызды. Бұл туралы ғұлама ғалым әл-Фараби «Бақытты болудың бірден бір шарты - жақсы мінездің болуы», - деп тұжырымдаған. Әл-Фараби мінез-құлық тәрбиесінің құралы, әдістерін белгілеуде Аристотельдің адамдағы барлық мінез - құлық қасиеттерді туа біткен емес, жаттығу, әдеттену, машықтану, нәтижесі деген қағидасын басшылыққа алады. Ол адамда жақсы мінез - құлықты қалыптастыруда ерік - қайратына көп мән береді, өйткені, сезім мен рухани нәпсі және парасат мұқтаждықтары бір - біріне қарама - қарсы келгенде санамен шешу ерікке, өзіне-өзі билеуге тіреледі. Мұндай жақсы ниет, оң істер бара-бара адамның дағдысына, жақсы қасиетіне айналып, ол тәрбиелі жақсы мінез-құлықты болып өседі дейді.

Болашақ маманның қарым-қатынас мәдениетін көрсететін *екінші* қыры, оның сөз саптауы немесе сөйлеу мәдениеті болып табылады. Бұл қасиеттер туралы да халқымызда көзқарастар кеңінен насихатталып келген. Өйткені, ол ұлттық мәдениетіміздің өзегі болып келгендігі белгілі. Себебі, сөзіне қарап маманның

ішкі жан дүниесі мен білім деңгейін анықтауға болады. Тіпті мінезі мен дүниетанымын да аңғару қиынға соқпайды.

Болашақ маманның қарым-қатынасындағы мәдениеттілігінің үшінші көрінісі оның әдеп сақтауынан яғни жоғары мәдениеттілігінен байқалады. Әдептілік кәсіби қарым-қатынас жүйесінде қабылданған және қалыптасқан мінез-құлық пен іс-әрекет нормаларының жиынтығы ретінде көрінеді.

Бір данышпаннан: "Сіз әдептілікті кімнен үйрендіңіз, деп сұрағанда, ол: әдепсізден үйрендім", - деген екен. Сол секілді ғұламалардың "Ей перзентім, сен өнерді даналардан үйренбесең де наданнан үйрен", - деп айтуы халық ұғымындағы тәлімдік дәстүрлердің қайнар көздері іспетті. Ондағы ой жақсыдан үйреніп, жаманнан жиреніп, көргені мен естігенінен қорытынды жасап, ойға түю де адам баласын жақсылыққа жетелейтін қасиеттер мен қарым-қатынастың мәдениеттілігін көрсететін сипаттар болмақ. Өйткені, қоршаған ортадағы адамдар қарым-қатынасынан тәлімдік үлгі алу маманның біліктілігі мен қабілеттілігінің сапасы ретінде көрінеді.

Сөйлеу өнері мен тұлға мәдениетін бөліп қарастыру мүмкін емес. Өйткені, сөз адам жанының ішкі дүниесінен дерек беретін құбылыс, ол адамның мәдени деңгейін айқындайды. Сондықтан, бүгінгі жоғары оқу орындарындағы маман даярлау жүйесінде жастардың көбірек сөйлеуіне мүмкіндік туғызу, соның негізінде сөз саптаулары мен кәсіби тілдік қорын байыту секілді қасиеттерді қалыптастыру қажет деп білеміз. Бүгінгі білім сапасын анықтаудың жолына айналған тест жүйесінің біржақты нәтиже беретіндігі бүгінгі мамандар даярлау жүйесіндегі сөздік қарым-қатынас мәдениетінің меңгерілуіне біршама қиындықтар туғызуда. Нәтижеде, жастарымыз барған сайын ойын тиянақтап жеткізуден қалып барады. Мағыналы да мәдениетті сөз жоқ жерде тұжырымды ой да болмақ емес. Сондықтан, табиғатымызға тән тәрбие үрдісі мен ата-бабаларымыздың өсиеті негізінде ұлттық мәдениетіміздің негізін сақтап қалу және оны бүкіл тұлға қалыптастыру жүйесінің өзегі ретінде пайдалану өте орынды болар еді.

Жоғарыдағы аталған ұлы ғұламалар мұраларындағы болашақ маман тұлғасын қалыптастыру идеяларына бүгінгі



күннің тұрғысынан баға беретін болсақ, бүгінгі ғылыми педагогика мен психология теорияларында дәлелденген маман тұлғасының көрсеткіштері өзара сабақтасып, кірігіп жатады. Нақтырақ айтар болсақ, болашақ маманның кәсіби тұлғасы бәсекелестікке төтеп беру үшін оның бойынан ең алдымен ой салауаттылығы, тән салауаттылығы мен жан салауаттылығы табылуы тиіс. Бұл салауаттылықтарды қасиеттермен қатар қойып сипаттайтын болсақ, олар: маманның денсаулығының мықты болуы, сөйлеу мәдениетінің қалыптасуы, қарым-қатынас мәдениетінің жоғарылығы, кәсіби қызметте дара ерекшеліктеріне сай істі таңдауы, жеке басынан қарапайымдылық пен кішіпейілділіктің көрініс табуы, жоғары білімділігі мен білуге деген құмарлығының арта түсуі, істеген ісінен рахаттанып, қанағаттану сезіміне ие боларлықтай әрекетпен шұғылдануы, жанындағы жолдастарының да жақсы адамдар болуы және қызметте адам танитын болуы, мінезінің жайлы болуы және т.б. қасиеттер болып табылады.

Ұлы ғұламалар өз заманына лайықты тұлға болмысын қалыптастыру идеясын әр кез естен шығармай, мұраларының негізгі арқауы етіп отырған. Ұлы ғұламалар мұраларының астарына үңіліп, педагогикалық-психологиялық тұрғыдан баға берер болсақ, бүгінгі күннің талаптарын толығымен қанағаттандыра отырып, маман даярлау жүйесінің барлық аспектілерін қамтығанына көзіміз жетеді. Педагогикалық үрдістің құрылымдық бөліктері мен талаптарын қатар қойып, салыстырмалы сипаттама беретін болсақ, ұлы ғұламалары мұраларында бұл идеялар кеңінен қарастырылып, нәтижеде маманның кәсіби тұлғасын қалыптастырудың келбетін қалай елестеткендігін аңғару қиын емес.

Әл-Фараби жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беріп, өмір сүруге үйрететін адамды (ұстаздық ететін адамды) өте жоғары бағалаған. Оның ойынша, тәрбиеші адам (қазіргі мұғалім) - "мәңгі нұрдың қызметшісі". Әл-Фараби болашақ мамандық таңдағанда немесе белгілі бір іс-әрекет дағдыларын меңгеруде олардың қабілеті мен дара ерекшеліктерін ескерудің маңыздылығын айтады. Бұл жөнінде ол: "Әрбір балаға өзінің ерекшелігіне қарай бір жұмыс белгіленуі тиіс. Өйткені, әрбір

адам өзінің қабілетін сай әрекетке бейім болады, басқа тапсырмаларды орындағанда ол баланың қабілетін толық бақылау мүмкін болмайды; екіншіден, өзінің қолынан келетін және қызығушылығы жоғары іспен айналысқанда іс оңды және сапалы орындалады. Оның үстіне оқушы өз ісінің нәтижесінен рахаттанып, қанағаттанушылық сезімге ие болады. Бұл оқу-тәрбие үрдісін оң шешуге септігін тиізеді. Бұл ой бүгінгі педагогика ғылымындағы оқу-тәрбие үдерісінде оқушылардың жас және дара ерекшеліктерін ескеру принципін еске түсіреді.

Ғұлама ғалым кез-келген педагог маман тек балаларды оқытып қана қоймай, ел игілігі үшін аянбай еңбек ететін адам болуы тиіс деп біледі. Себебі, барлық кәсіп иесі сол ұстаздың алдынан өтіп, оның өнегесі мен тәлімі арқылы ел игілігін күйттейді. Ең алдымен ұстаз баланы өмір сүруге және ел игілігі үшін еңбек етуге тәрбиелеуші тұлға деп біледі. Әл-Фараби кімде-кім өзінің тіршілігі үшін, өзіне пайда келтіретін еңбекпен айналысқанда ғана нағыз ел адамы бола алады деген өмірлік өсиет қалдырып кетті".

Әл-Фарабидің айтуы бойынша нағыз ұстаз ғана айтқанын екі еткізбейтін, ешкім шағым жасауға батылы бармайтын, білімі телегей - теңіздей, ақыл-ой парасаты да, ерік- жігеріне де ешкім тең келе алмайтын адам. Осындай қасиеттері бар ұстаз ғана шәкіртке үлгі-өнеге көрсетеді, ол халықты соңына ертіп, оның мұң-мұқтажын, талап- тілегін орындай алады.

Әл-Фараби түсінігінде, ұстаз да қала басшысы сияқты ел жетекші, халық қадірлісі. Медресе балаларды оқытып, тәрбиелесе, қала басшысы олардың ата-анасына өнеге көрсетеді, халықты ізгі қасиеттерге баулиды. Олай болса мұның екеуі де "сегіз қырлы, бір сырлы" қай жағынан да болса барша халықтан көш ілгері тұрған тұлғалар.

Әл-Фараби ұстаз бен шәкірт арасындағы ара-қатынастардың талаптарын мәдениеттілік тұрғысында сипаттайды. Ұстаз өз шәкірттерінен адалдық, сыпайылық, ізгілік, әділдік сияқты қасиеттерді көргісі келсе, онда оның өзінде де осы қасиеттер болу қажет дегенді айтады. Жоғарыда айтып кеткеніміздей "Мұғалімдік" (ұстаздық) еткен адамның өлшеуі тым өктем болмасын және тым асыра босаңсытқан төмендікпен де

болмасын. Егер тым қатты үнемі ызғармен болса, онда оқушылар мұғалімді жек көретін хәлге жетеді. Егер тым босатып жіберген кішіпейілдік болса, онда оқушылар жағынан мұғалімдерді кем санау, оның ғылымына жалқау қарау қаупі тұрады деп жазған еді. Яғни мұғалім оқушылардан нені күтсе, өз бойынан сол қасиеттер көрініп тұратын болуы керек.

Ұстаздың айтуы бойынша адам ғылым, философия, тәрбие арқылы кемелдікке жетеді. Ол шартты түрде адамды нағыз бақытқа, мұратқа бастайтын негізгі кредосы - адамдар бақыт жолында өзара көмек, достық, бейбітшілік қатынаста өмір сүруі ләзім дейді. Ондай қасиетке үйретуші, өнеге беруші де ұстаз болуға тиіс.

Бала тәрбиесі, қоғам мен халықтың балаларды оқыту жөніндегі қамқорлығы, жастарды халық өміріне байланысты білімдермен қаруландыру, балаға оның жеке және жас ерекшеліктерін ескеріп шын жүректен қамқорлықты қарым-қатынас жасау, мұның бәрі ұлы ұстаздың педагогикалық жүйесінің құрамды бөлігі..

Әл-Фарабидің пікірінше, оқу, білім алу, ғылым адамы болу адамгершілік және тәрбие мәселелерімен тығыз байланысты. Ол өзінің, "Философияны үйрену үшін алдын-ала не қажет" деген еңбегінде бірінші алғышарт ретінде жан тазалығын, ар тазалығын қойған. Ұстаз болу үшін жаны таза адам болу керек. Ұстаздың негізгі мақсаты - өз шәкіртіне білім беріп, ізгілікті мінез-кұлыққа тәрбиелеу деп білсек, сол тиянақты білім, ізгілік ұстаздың өз бойында болуы шарт. Егер де өзінің бойында кездеспейтін болса, онда логика саласында надан деп есептелініп, қайсыбір мәселеде кімдікі жөн екенін, оның қалайша жөн екенін ажырата алмайды. Бұл жағдай ұстаз бойында кездесетін болса, сөзсіз оның беделін түсіріп, өз шәкірттерінің мінез-кұлық, іс-әрекеттеріне дұрыс баға бере алмағандықтан, олардың арасында түсінбеушілік, кейде бір-біріне деген дөрекілік, жүрген жерде әрине, логика, парасаттылық туралы дұрыс түсінік болуы мүмкін емес. Сол себепті шәкірттің ой-талғамын жетілдіру, оның іс-әрекет жасауына көмектесу - ұстаз парызы.

Әл-Фарабидің анықтауы бойынша педагогика тәрбиеленуші адамның ерік-ниетін белгілі бағытқа сәйкес, тиісті құралдар мен

әдістер арқылы басқару, билеу өнері. Ал басқарушы адам — педагог, ұстаз, тәлімгер. Оның педагогикалық жүйесіндегі темірқазық болып саналатын философиялық-этикалық категория — ол әрбір адамды бақытқа жеткізу мұраты. Бақытқа жетудің негізінде философия, ғылыми білімдер арқылы дүниедегі әдемілікті, кіршіксіз пәк тазалықты бойға сіңіру, ойға, жүрекке ұялату, дарыту әрекеті жатады. "Біз бақытқа тек әдемілік, пәк тазалықты бойға сіңіру арқылы жетеміз, ал ондай кемел тазалық пен әдемілік философия өнері арқылы келетіндіктен біз бақытқа нақ философия арқылы ғана жетеміз" дейді ғұлама. Әл-Фараби өзінің ұстазы Аристотельдің дәстүрін дамытып, философия ұғымына бүкіл ғылым, білім, өнер игіліктерін қоса жатқызады, яғни философия-шынайы білімпаздық, өнерпаздық, кемеңгерлік.

Ғұлама сол кездің өзінде педагогика ғылымының дидактика мәселелерін, әдістеме мәселелерін жете түсініп, оның маман даярлау үрдісіндегі маңыздылығына ерекше мән берген. Шәкірттердің білім меңгеруі, олардың жақсы әдет пен қажетті дағдыларға, икемділік пен шеберлікке машықтануы біртіндеп қалыптастындығын айтқан. Жасөспірім, жеткіншек үшін ұстаздың дұрыс бағыт беретін әсерлі де өнегелі сөздері аса қажет.

Әл-Фараби ғылым білімді, белгілі мамандықты өз қалауымен меңгергендерге сөзбен әсер етудің жеткілікті болатынын, ал оқуға ықыласы төмен, қисық – қыңыр адамдарға зорлау принципін қолдану керектігін де айтады. Ол жаратылыстану ғылымдарын меңгеруге ерекше мән бөледі. Мәселен, математикалық ғылымдардың ұғымдарын меңгеруде қарапайымнан күрделіге, яғни жекеден жалпыға көшу қажет, сезімге жақын нәрселерден бастау - шәкірт табиғатына сәйкес келеді, - деп ол дидактикадағы (оқыту теориясы) көрнектілік принципіне тоқталады. Оның «білу», «білім» сияқты негізгі педагогикалық ұғымдардың анықтамасын тізіп, бұл жөніндегі «Музыканың ұлы кітабында» былай дейді: «Білу – бұл нәрсені түсіну-ұғу, оның болмысының себебін ұғыну, ол нәрсе басқаша емес, тек сондай болатынын түсіну деген сөз. Сонымен қатар, бұл осы заттың болу жағдайын (шартын), және салдарын логика өнерінің «Талдау кітабына» Аристотельдің «Аналитика» деп аталатын трактатының сәйкес келуі. Сондай –ақ «білім» бұл

мағынада оны ұғынудың, түсінуді жеңілдететін және оған жол сілтейтін нәрселердің бәрін, мысалы, анықтамалар, ұғымдар, белгілер және т.б. бір сөбен айтқанда, «Талдау кітабында» айтылған индукцияның барлық элементтерін қамтиды. «Білім» (білу) деген сөз тек осы шарттарды қанағаттандырған жағдайда ғана ғылым дәрежесіне көтеріледі. Бір нәрсені білу – тек ілгеріде белгілі болған басқа нәрселерді білу негізінде ғана жүзеге асады» деп тұжырым жасайды. Әл-Фарабидің бұл тұжырымы кейіннен көптеген ғалымдар білімді меңгеру заңдылығы мен әдістемесіне негіз етіп келді.

Ұлы ұстаз оқытудың сөздік практикалық әдістері мен көрнекілік, жүйелілік принциптеріне тоқталып, олар туралы диалектикалық, логикалық ой-тұжырымдар жасаған. Сонымен бірге бұл әдістер мен принциптерді оқушылардың (шәкірттердің) жас ерекшеліктеріне қарай біртұтас педагогикалық процесте іске асыру қажеттігін ұсынған.

Фарабидің пікірінше ғылымдарды оқып-үйрену көп тәсілдермен жүзеге асады, бірақ қайсысын басшылыққа алғанда да ғылымдағы бастапқы ұғымдарды, қағидаларды, алғышарттарды біліп алудан бастау қажет деп біледі. Осының нәтижесінде түпкі шындық-болмыс оның көріністері танып білінеді. Оқу бастамасы біздерге болмыс бастауларын білу құралы болып табылады, ал олардан шығарылған қорытындылар-ғылыми пәндерді игерудің бастамасы мен құралы болады.

Әл-Фараби "оқып үйренуде жаттап алу дұрыс па, жоқ түсініп алу дұрыс бола ма?" деген сұраққа "түсініп алған дұрыс, өйткені барлығын жаттап алу мүмкін емес, ал олардың белгілі бір байланыстары арқылы ойда топтастырып түсініп, тоқып алған жөн" деп жауап береді. Оның "белгілі бір байланыстары" дегені - таным, қабылдау, ұғыну, бекіту, іскерлік, дағды, яғни осы буындар арасындағы байланысты айтқаны.

Оқу, білім - ғылымды игерудің алғашқы сатылары. Оқу - объективті шындықты табудың ерекше формасы. Осыны жақсы түсінген әл-Фараби өздігінше оқып, білімге ие болып, ғылымды меңгерген, дағдысы мен іскерлігін қалыптастырған. Оқу, білім арқылы ғалымға жетуге болатынын жақсы түсінген және осылар арқылы өзінің байқағыштығын, зейінін, қиялын, ойлауын

дамытқан, материалды дүниені тани білген, осыларды да ол шәкірттерге уағыздаған. Өздігімен, ұстаз басшылығымен оқып, білім игеру - қазіргі дидактикада "Оқытудың білім беру функциясы" деп аталынады.

Ғұлама өзінің педагогикалық іс-әрекеттерінде ойлаудың әртүрлі әдістері мен формаларын кеңінен, белсенді түрде қолданғаны анықталып отыр. Олар: абстракциялау дерексіздендіру, анализ және синтез, индукция, үшіншісін теріске шығару, моделдеу және т.б. Әсіресе, ол анализ бен синтез, индукция мен дедукция арасындағы диалектикалық, дидактикалық байланысты терең ашады. Әл-Фарабидің көзқарасы бойынша, оқу, білім алу, ғылым адамы болу адамгершілік, ахлақ (мораль) және тәрбие мәселелерімен тығыз байланысты. Міне, осыдайша, ғұлама ұстаз қауымының білімді оқушыларға меңгерту әдістері мен оны пайдалану шеберлігі қалай көрініс табуы керектегін де назардан тыс қалдырмаған. Бұдан ұлы ғұламаның дидактиканың оқыту мен білім беру мазмұнын, оқыту әдістері мен принциптерін, жеке пәндерді оқыту ерекшеліктерін зерттейтінін түсінгендігі байқалады. Себебі әл-Фараби дидактиканың «жүйелілік» пен «көрнекілік» принциптерін геометрия, математика, музыка және т.б. пәндерді оқытуда қолдануды ұсынған. Оқудың бұл принциптерін біртұтас педагогикалық процесте қалай іске асыру керектігін айқындайтын әдістемелік нұсқаулар, көмекші оқу құралдары мен оқулықтар жазған.

Педагог-ғұлама әл-Фарабидің педагогикасында оқытудың негізгі екі формасы бар: біріншісі зерек шәкірттерге арналған абстракциялық қиялдау, көз жеткізу; екіншісі орташа оқушыларға арналған көрнекілік, яғни бейнелеу. Ол былай дейді: "Теориялық нәрселерді сендіру, көз жеткізу методтарымен оқыту керек, олардың көпшілігі қиялдау арқылы қабылданады. Мұндай білімдерді меңгеру тек ақылмен көптеген ұғымдарды - ең алыс жатқан бастамаларды, денесіз бастамаларды (негіздерді) игергеннен кейін барып мүмкін болады. Қалың қауым оларды бейнелі түрде қабылдап, зерделеріне сендіру әдісі арқылы бекітеді". Сендіру, көз жеткізу әдісі, біздіңше қазіргі жай әңгіме, эвристикалық әңгіме, пікір таластыру, лекция әдістеріне жақын

келетін сияқты. Әл-Фараби осыған байланысты практикалық өнер, қолөнерлерін үйрету әдістемесі мәселелеріне де тоқталып, мұнда педагогикалық мұрасын атап айтып кеткен. Бұл әдістер екі жолмен - сендіру, иландыру және зорлау, мәжбүрлеу арқылы жүргізіледі. Ұлы педагог шәкірттерді оқытуда дәріс берудің қандай түрін қолданғаны туралы анық дерек жоқ. Алайда, ол жоғары бағалап, құрмет тұтқан Ежелгі Грециядағы Сократ, Платон, Аристотель мектептерінде білім беру, оқыту кейде Сократтық әңгіме түрінде жүргізілгені мәлім. Мәселен, әл-Фараби пір тұтқан Аристотель өз шәкірттерін көлеңкелі бақтың саясында сайрандап жүріп оқытады екен. Ол сабақтар күніне екі рет-таңертеңгілік және кешкілік болып өткен. Ертеңгі оқылатын лекциялар дайындығы мол зерделі зерек оқушыларға түсінікті болатын қиын мәселелерге арналып, кешкілері көпшілік шәкірттерге жалпы білім беретін, көпке түсінікті де қызық тақырыптарға (мысалы, поэзия, музыка) бағытталған. Әл-Фараби де ұстазына еліктеп Бағдат маңындағы бір баққа күзетші бола жүріп, сонда шәкірттеріне әңгіме, лекция түрінде сабақ бергенін көрсететін деректер бар. Әрине, ғұлама бұлардан өзгеше өз тарапынан ашқаны және сол кездегі Шығыс педагогикасында қалыптасқан басқа да оқыту формаларын пайдалануы табиғи нәрсе. Әл-Фараби педагогика тарихында алғашқылардың бірі болып өзінің ең әйгілі ғылыми-дидактикалық шығармасы "Ғылымдар энциклопедиясын" жазды.

Бұл еңбек жан-жақты білімді, тәлім-тәрбиені, шын бақытқа жетуді көздеген, адам меңгеруге тиісті барша ғылым тарауларын және оны оқып-үйрену реті мен мазмұнын қысқаша тезис түрінде баяндап, талдап беруді көздеген бірегей дидактикалық шығарма. Фарабидің бұл еңбекте келтірілген ғылымдарды талдау, оларды оқу ретін белгілеп, бір жүйеге келтіру жөнінде ұстанған принциптері мен негіздері оның "Бақытқа жету туралы" трактатында баяндалады. Мәселен, ғұламаның тіл білімін бірінші қоятын себебі, тіл ғылыми ойлаудың тіршілік ету, өмір сүру формасы болып табылады, яғни тіл-ойдың көрінуі, ендеше бүкіл ғылыми-педагогикалық терминология тіл арқылы өрнектеледі. Осы арқылы ғылым баяндалады, білім алынады. Тіл біліміне тікелей, байланысы бар логика басқа ғылымдарды игеруге оған

іле-шала екінші орында тұруға тиіс. Бұл тұрғыда бір ескеретін жайт, логиканы міндетті түрде оқыту керек деген ғұлама талабы бүгінгі күн педагогикасында да қажеттілік туғызып отырған зәру мәселе.

Білім берудегі түпкі мақсатымыз адам тәрбиесін іске асыру екендігін ескеретін болсақ, ұлы ғұламада көзқарасында мұндай ойлар да педагог қызметінің басты функциясы ретінде көрініс тапқан. Әл-Фараби тәрбие үрдісінде «Қатты әдіс» пен «Жұмсақ әдісті» ұштастыруды ұсынады. Қазіргі тәрбие үрдісі тұрғысынан қарағанда «қатты әдіс» деп отырғаны жазалау, ал «жұмсақ әдіс» деп отырғаны-мадақтау. Демек, әл-Фараби педагогикалық ықпал ету әдістерін алғаш ұсынған, оның тиімділігін дәлелдеп кеткен ғалым.

Сонымен қатар, әл-Фараби тәрбиеленушілерді тәрбиелегенде мінез-құлықтағы орта шаманы, яғни қалыпты жағдайды табу туралы да кеңестер береді. "Тең орта" шаманы табу алғаш қарағанда өте қиын болғандықтан, адам өзінің мінез - құлқын нормаға яғни бір қалыпқа келтіруге мүмкіндігінше жақындатуға бағытталған амалдарды пайдаланады. Мысалы, тәнді орташа жылылықта ұстау қиын, бұл үшін тәнді сондай жылылыққа жеткізуге мүмкін қадерінше жағдай жасайтын амалдар, әдіс-тәсілдер пайдаланылады: мінез - құлықтың орташа шамасына жету үшін қолданылатын амалдар өзімізде дағдыға айналған мінез - құлықты қарастыру болып табылады, егер (мінез - құлқымызға тән нәрсе артық кету болса, жетімсіз болудан түсетін әрекеттерге баулимыз, егер мінез - құлқымызға жетімсіздік тән болса, онда өзімізді артық кетуге сәйкес әрекеттерге баулимыз. Сонан соң, біз өзімізге қандай мінез - құлық қалыптасып шыққанын ойластырып қарастырамыз, - дейді.

Әл-Фараби көзқарасындағы тәлімдік ойлар, ұстаз бен шәкірт арасындағы қарым-қатынас мәдениеті туралы көзқарастары, сонымен қатар, ұстаздың кәсіби тұлғасының оның педагогикалық қызметіндегі маңызды орынды иеленетін ықпалы бүгінгі күні де өзекті болып отыр. Әсіресе, педагогикалық процесті басқарушы басшы болмысынан мемлекетті басқару стиілінің келіп шығуын тамаша ұштастыра білген ғұлама әл-Фарабидің көзқарастарын бүгінгі педагог маман даярлау жүйесін-



де пайдалану өте тиімді болмақ.

### **Бақылау сұрақтары**

1. Ұлы ғұлама әл-Фараби мұраларындағы маманның кәсіби тұлғасына деген көзқарасының қалыптасуына ықпал еткен факторлар қандай?

2. Әл-Фараби мұраларындағы маманның кәсіби тұлғасының моделін сипаттаңыз.

3. Маманның кәсіби қызметіндегі педагогикалық қарым-қатынас мәдениетіне деген көзқарасының бүгінгі күнгі өміршеңдігін дәлелдеңіз.

4. Педагогикалық қызметтегі тәрбие әдістері мен оқыту әдістерінің өзара байланысын түсіндіріңіз.

5. Әл-Фараби мұраларындағы маманның кәсіби тұлғасын қалыптастыру идеясының кейінгі ұрпақ өкілдері мұраларындағы сабақтастығын айқындап, сипаттаңыз.

6. Әл-Фараби көзқарасындағы ақылдылық сапаның педагогикалық үрдісті басқаруға қатысын түсіндіріңіз.

## **1.2 Кейкаустың «Қабуснама» кітабындағы маманның кәсіби тұлғасы туралы көзқарастары**

"Қабуснама" - XI ғасырда жазылған аса бағалы педагогикалық мәні бар құнды туынды. "Қабуснаманың" авторы - Кейкаус каспий теңізінің оңтүстік жағалауында мекендеген Гилан ру-тайпасының ұсақ феодал отбасында дүниеге келген. Кейкаус "Қабуснама" еңбегін 63 жасында өзінің ұлы Гиланшахқа арнап жазды, "Менің дүниедегі жиып-терген ең қымбат асыл заттарым - саған арнап жазған осы үгіт-насихат кітабым", - деп айта отырып, ұлына тәрбие туралы өсиеттерін мұра етіп қалдырады. Бұл кітап XI ғасырдағы шығыс ғалымдарының бала тәрбиесіне, мінез - құлық, этика, кәсіп таңдау мен оны игеру шеберліктерін игеру мәселелеріне ертеден көңіл бөліп, ой толғағандығының бір дәлелі болып табылады.

Бұл еңбектің мазмұнындағы тәлім-тәрбиелік ойлар түркі ғұламалары мұраларындағы ой-пікірлермен идеялық жағынан сәйкес келіп, өзара үндесіп келеді. Бұдан байқағанымыз, сол

дәуірлерде жарық көрген мұралар мен ғалымдар көзқарасында өзара байланыс пен сабақтастықтың болғаны. Сондықтан, кітап мазмұнында Кейкаус мұрасындағы маманның кәсіби тұлғасына байланысты көзқарасын беруді жөн көрдік.

Сонымен, Кейкаус ұрпақ тәрбиесінде балаларды болашақ мамандық таңдау мен кәсіп үйренуге даярлау балалардың жастайынан отбасында жүргенде бастау алатын ата-ана міндеті болуға тиіс деп ой түйеді. Бұл жерде педагогикалық қызмет аясы тек тәрбие мекемесінде ғана емес, одан тыс шығып отбасы, қала берді қоғамдық тәрбие мекемелерінің жұмыстарында жалғасын тауып жатуы керектігін қолдайды. Олардың барлығы (олардың барлығы деп отырғанымыз сол замандарда өмір сүрген ұлы ғұламалар) да отбасымен байланыс орнату арқылы бала болашағына мамандық таңдауына дұрыс бағдар беруіне ықпал ете алатындығын меңзейді.

Осындай баланың қабілетіне қарай іс-әрекетте еңбектену, машықтану болашақта мамандық алуда, кәсіпті игеруде шеберлікке жеткізетіндігін меңзейді. Кейкаус өзінің немересіне жазып қалдырған өсиетінің отыз бесінші тарауында кәсіптік білім туралы былайша сөз етеді: «Әрбір адам бір істі қолына алса оны жақсы біліп, әдістерін үйреніп, құпия сырларын игеріп, машықтануға міндетті. Сонда ғана ол кәсібінен көп пайда табады», -деп айтады. Кейкаустың мұндай ойлары бүгінгі қоғамымыздағы сан түрлі мамандардың санының көптігіне сапасының сәйкес келе бермейтінін және білімі бар қанша мамандардың жұмыссыз жүргендігінің себебіне жауап бергендей. Сондықтан әрбір жастың мамандық таңдауда қателеспеуі тиіс деп біледі. Өйткені, кәсіп адамның серігі іспетті. Өмір бойы өзіңе лайықты кәсіпті таңдауына байланысты отбасы ризығын тауып, балаларың мен өзіңнің болашағыңды қамтамасыз етесің. Тіпті, кәсіп адамның жеке басының қалыптасуына да өзіндік ықпал етеді. Ол оның таңдауына байланысты қалыптасады дейді. Бұл туралы ойларын ұлы ғұлама әртүрлі мамандыққа жеке –жеке тоқталып, ол кәсіптерді игерудегі құнды кеңестері мен олардың пайдалы тұстарына сипаттама береді.

Ғұлама негізінен адам баласының кәсіп таңдауы екі жағдайға байланысты болатынын айтады. Оның біріншісі, заман

ағымы мен тұрмыс тауқыметіне байланысты жағдайда өнеркәсіптің бірін пайдалануға мәжбүр боласың дейді. Сондықтан түрлі өнеркісіп сырларынан түсінігің болғаны жөн, егер өнеркәсіпке мұқтаж болсаң, ұлықтардың бірі болуың ықтимал. Ұлық болған жағдайда да өнеркәсіп, түрлі ілімді білгенің өзіңе жақсы. Өйткені, өз басың өзгеге үлгі өнеге көрсететін дәрежеде болуы шарт,- деп мұқтаждықтан туған кәсіп адамның материалдық қызығушылығын қанағаттандырады, ал адамның жүрек қалауы бойынша таңдалған кәсіп рухани қанағаттанушылыққа алып келетін кәсіп түрі деп бөліп көрсетеді.

Кейкаустың көзқарасы бойынша маман болып қалыптасудың негізгі шарты білімділікке келіп тіреледі. Бұл туралы ойларын ол: «Білімді үйрену үшін еңбекқұмар болып, бойыңды жалқаулыққа үйретпеуің қажет. Жалқаулық ісжақпастық дененің бұзылып, кеселденуіне себепкер болады. Өз билігіңе көнбейтін дертті дененмен сен жоғары мәртебелі бола алмайсың», - деп мамандықтың шеберлігін игеру тынымсыз білім үйрену арқылы келетінін, ал ол еңбектің жемісі екендігін жастарға ескертеді.

Маманның деңгейі адамдар қоғамындағы еңбегі арқылы көрінеді. Сондықтан маман еңбегінің тиімділігі мен жемісі ұжымдағы адамдар мен қарым-қатынастың сипатына байланысты қалыптасады. Кейкаустың бұл кітабында болашақ маманның ұжым арасында өзін қалай ұстауы керектігі туралы да пікірлер назардан тыс қалмаған. Онда Кейкаус мінездің бір қалыпты болуын маманның ұжымдағы қалпын айқындайтын негізгі фактор деп көрсетеді. Себебі, жұмсақ мінезді болсаң өзгелердің басымдығынан өзің жоқ болып кетесің, тым дөрекі болсаң көпшілікті өзіңнен қашырып жібересің дейді. Өзгелермен қарым- қатынас жасауда да белгілі бір талаптың сақталуын қажет деп табады. Бұл туралы ойын «Ойыңдағымды орындауда дос дұшпанды жатсынбаймын деп, көпшілікке жақындаса берме. Жамандық істеуді ешбір жанға үйретпегейсің өйткені, ол жамандық істеумен тең. Егер сені бір кісі ешқандай себепсіз жәбірлеген болса, сен оғанда азар бермегейсің. Халық сені жақсы мінезіңнен танысын», - деген сөздері арқылы көзқарасын білдіреді, сөйтіп, маманды бағалаудағы ең басты белгі оның

адамдық сапалары мен тұлғалық болмысы екендігін нақтылап көрсетеді. Осы пікірлері арқылы ғұлама басшы қызметіндегі маманның кешірімді, кең пейілді болуын, кекшіл болмауын кеңес береді.

Ұлы ғұламалардың қайсысы болмасын маман болмысының тағы бір маңызды қасиетінің көрсеткіші оның сөз саптауы мен сөйлеу мәдениетінің қалыптасуы деп білетіндігі. Мысалы, ғұлама Кейкаус маманның кәсіби деңгейін оның сөзі арқылы аңғаруға болатынын айтады. Бұл туралы көзқарастарын ол: «Халық алдында сөйлеген сөзің сұлу болып, оны жұрт ықыласымен тыңдасын. Сөз өнерін меңгеріп, биік дәрежеге көтерілгеніңді жұрт сөйлеген сөзіңнен білсін. Өйткені, әр адамның шама шарқы өзінің сөйлеген сөзінің астарлы мәнінде жасырын жатады», -деп сөз күдіретін жоғары бағалай отырып, сөйлеу мәдениетін меңгерудің маманның бойынан табылуға тиісті қасиеттердің бірі деп біледі.

Кәсіптік қалыптасуда атқарар істерді меңгеру оқу арқылы және тәжірибелік жаттығулар негізінде шыңдалады. Оны кез-келген уақытта ұйымдастыруға болады. Бірақ, маманның адамдық сапасын қалыптастыру өте қиын нәрсе. Сондықтан, ғұлама мамандарды іріктеуде олардың адамдық сапаларын, яғни еңбектегі адалдығы жауапкершілік қасиеттерін анықтауға кеңес береді. Ол туралы көзқарасын «Ей, перзентім, қиянаттан аулақ бол, біреу бір рет қиянат жасаса оған бірде-бір жан сенбейтін болады», - деп жаман әрекеттен аулақ болуға кеңес береді. Бір рет сенімнен шықсаң қайтіп сенімге кіру қиын екендігін түсіндіре келіп кәсіптік іс-әрекетке адалдық табыс пен жетістіктің кепілі екендігін ерекше атап көрсетеді.

Сонымен қатар, ғұлама: «Әрбір адамды қызметке дайындасаң, атқаратын қызметіне лайықты адамды дайында», - деген сөздері арқылы басшыға мамандарды іріктеуде қателеспеді кеңес береді. Кейкаус еңбегінде басшыны таңдауда оның ауқатты отбасыдан шыққаны болуы дұрыс таңдау деп түсінетінін жазады. Оның себебін, ғұлама материалдық бай адам материалдық пайда табуға мүдделі болмағандықтан өзінің қызметінде рухани өсуге көбірек көңіл бөледі, ол халықтың жағдайын көбірек ойлайтын болады деп біледі.

Болашақ қызметті орындау мен көптің көңілінен шығу қиынның қиыны. Сондықтан бұл жолда тынбай іздену арқылы білім мен іскерлікті жетілдіріп отырған абзал. Осы тұста ғұлама кәсіп шеберлігін үйрену мен жетілдіріп отыру мәселесі туралы да өз ұсыныстарын берген. Онда Кейкаус: «Маманға халықтың жақсы-жаман істері мен мінез-құлықтарына көз қырын салып, олардың пайдалы және зиянды істерінің қандай нәтиже беретінін бақылап, ой елегінен өткізеді, оның қайсысы өзіңе тиімді қайсыбірі халыққа пайдалы екендігін үйрен. Сен осы мақсатыңды екі түрлі жолмен іске асыра аласың. Бірі өнеріңе сай іс істеумен, екіншісі –білмеген ісінді үйренумен», - деп көрсетеді. Сондай- ақ, басшыға жат жаман істерден өзіңді аулақ ұста. Ол үшін ең алдымен сен нені істеуге шамаң келсе, жұртқа да сол сияқты істі орындауға тапсырма бер, - дейді.

Сонымен қатар, «Қызметсіз ғалым болма, білімді жақсылап үйрен. Білгенің өзіңе жақсы, сөз өрнектерімен жұртшылыққа хабарлап, оның іске асуына көңіл бөл. Мағынасыз талап қойып, жұртқа мазақ болып жүрме. Өзің жақсы білмейтін мәселеден сөз қозғап, масқара болма», - деп әрбір қол жеткен жетістік лайықты қызметіңе байланысты бағасын алуын да назардан тыс қалдырмаған.

Көпмәдениетті тұлғаның тәрбиелілігі оның сәлемінен бастау алары сөзсіз. Сөйлеу мәдениеті туралы көзқарастар мен тұжырымды ойлар ертеден адамдық сипаттың бір қыры ретінде және оның қарым- қатынаста көрініп, айқындала түсетіндегі орта ғасырда өмір сүрген ұлы ғұламалар мұраларында кеңінен айтылып келгендігі айқын. Оған дәлел ұлы ғұлама Кейкаустың да осы „Қабуснама“ кітабында айтылып кеткен. Нақтылап айтар болсақ, ақынның: „Жақсы сөз - жан азығы, жақсы сөзге сараң болма. Жақсы сөз тыңдауға ынталы болмаған кісінің бар ынтасы, есі-дерті мал, дүниеге ауып кетеді. Дөрекі сөйлемей, сыпайы, жақсы сөз айтсаң, сен де жақсы сөз естисің", - деп қарым - қатынастағы силастықтың екі жақты сипатқа ие екендігін түсіндіреді. Мұнда маманның екінші жақты тыңдай білуі де оның жоғары мәдениеттілігінен дерек беретіндігін ескертеді.

Осы орайда, ғұлама Кейкаус «Адам болған соң досың бар, дұшпаның бар болады, сондықтан, сынға дұрыс қарап, өз

кемшілігіңді түзеуге көңіл бөл. Өзіңді ойлап, қашан да тура жолыңнан танба, текті сөз бен тәтті сөздің екеуі екі түрлі білгенге, кейде ащы сөз - тәтті де, тәтті сөз - удай деп қатты шындықты айтқан адамға қастық қылма, қашан да қандай жағдайда да тек жақсылық жасауға тырыс» деп ақыл - кеңес береді. Осылайша, ақын шектен тыс асқақтауға түбінде бір тосқауылдың болатынын, шектен тыс сараңдық сөгіс естуге алып келетінін айтады.

Кейкаус адамдарды тануда олардың сөзіне қарап ажыратуға болатынын айта отырып, баласына адамдардың үш түрлі болатынын, ал сөздің төрт түрлі болатынын сипаттап көрсетеді. Онда адамдардың бірінші түрі - біледі және білген сайын білгісі келетіндер дейді. Оларды ғалымдар тобына жатқызады. Сөйтіп, олардың айтқандарына тәнті тұрудың қажеттігін айтады. Адамдардың екінші түрі - біледі, біле тұра білмеймін дейтіндер. Бұлар ұйқыдағы зұлымдар, олардан сақ болуды ескертеді. Үшіншісі - білмейді, білгеннің тілін алмайтындар. Оларды ессіз надандар деп көрсетеді. Олардан да бойды аулақ ұстап жүру керектігін ескертеді. Осындай адамдардың түрлерін олардың сөздерінің төркіні мен астарына қарап-ақ ажыратуға болады деп санайды. Орынды сөз айта білуді адамның асыл қасиетіне жатқызады. Сондықтан, жоғары оқу орнында болашақ маман тәрбиесін ең алдымен олардың кәсіби сөйлеу мәдениетін қалыптастырудан бастау абзал. Ақынның: "Адамзаттың ең абзал қасиетінің бірі - сөз сөйлей білу. Бұл жағдайды жете түсін де, жақсы сөйлей білуге үйрен: сыпайы, анық сөйлеуді әдет қылғайсың. Сөзді өз орнымен сөйле. Орынсыз айтылған сөз жақсы болса да, жаман көрінеді. Үгіт - насихатыңды тыңдайтын қарыздар болған жағдайда ғана сөйле. Ықылассыз тыңдаушыға сөз айтқаннан, тыныш отырған мақұл", - деген қатарлары жоғарыдағы пікірімізге дәлел бола алады. Сондықтан, бүгінгі мамандар даярлау жүйесінде ең алдымен оларды кәсіби сөйлеу мәдениетін меңгертуге мән беру маңызды болмақ.

Кейкаус маманның кәсіпті игеруде адам ретіндегі сапаларының ұжымдағы қарым-қатынаста маңызды орынға ие екендігін айтады. Оны ізгіліктілікпен байланыста түсіндіреді. Олардың тұлғалық сапаларын қалыптастыруда маңызды үш

қасиетті қалыптастыру қажет деп біледі. Оны: көзінді жаман қараудан сақтау, тілінді жаман сөйлеуден сақтау, қолынды жаман істен сақтау арқылы ізгілікті істер атқаруға бейімдейміз деп тұжырымдайды. Бұдан шығатын ой, бәсекеге қабілетті маманның ең алдымен бәсекеге қабілетті тұлғасының болуы шарт дегенді білдереді. Әйтсе де, мамандық кәсіп игерушінің тұлғасына ықпал ететін болғандықтан, мамандық шеберліктерін кәсіптік қызметтегі маман тұлғасының сапаларымен кіріктіре қалыптастыру тиімді болмақ.

### **Бақылау сұрақтары**

1. «Қабуснама» кітабының мазмұны қандай мәселеге құрылған?
2. «Қабуснама» кітабының мазмұнындағы ойлар жілісінің кейінгі ұрпақ мұраларындағы сабақтастығын дәлелдеп сипаттаңыз.
3. Кейкаус көзқарасындағы маман тұлғасына тән сапаларын айқындап, өміршеңдігі мен өзектілігін дәлелдеңіз.
4. Сөйлеу мәдениеті мен қарым-қатынас мәдениетінің педагог қызметіндегі жетекші сипаттағы рөлін дәлелдеңіз.
5. Кейкаус көзқарасындағы ұстаздың абырой-беделін анықтайтын қасиеттері қандай сапалармен сипатталған?
6. Мамандық таңдауға қойылар тараптардың ғұламалар көзқарасындағы ортақ шарттарын айқындаңыз.

### **1.3 Ж.Баласағұн мұрасындағы кәсіп таңдау мен кәсіп иесінің тұлғалық қалыптасуына деген көзқарастары**

XI ғасырда жазылған аса ірі туындылардың бірі Ж.Баласағұнның "Құтты білік" дастаны. Мемлекетті басқару, мемлекет басшысының кескін келбеті, оның бойынан табылуға тиісті адами және кәсіби қасиеттер туралы ой - пікірлер Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанында жақсы бейнеленген. Онда ғұлама отбасын басқару мемлекетті басқару саясатымен тікелей байланысты, тіпті отбасын басқару шеберлігі мен ондағы өмірді ұйымдастыру тәжірибесі отбасынан басталуы керек дегенді айтады.

Қазақ халқының дәстүрлерінде, сондай-ақ, шығыс халықтары ғұламаларының көзқарастарында және мұра етіп қалдырған көне өсиеттерінде қашанда аз сөзділік жоғары бағаланған. Мұндай пікірлер аталмыш ғасырда өмір сүрген ақын Ж.Баласағұн дастанында да кездеседі. Ақын көп сөздің мылжыңдыққа, ал тым аз сөз тұйықтыққа алып келетіндігін өз оқырмандарына ескертіп қалдырған болатын. Мұндай пайымдаулар әл-Фарабидің тәрбиедегі «тең ортасын табу» әдісінен келіп шығатынын, ал бұл ұлы ғұламалардың қай-қайсысы болсын әл-Фараби трактаттарынан сусындап өскендігін аңғартады. Бұл ғұламалар мұраларындағы маманның кәсіби қызметіндегі тұлғалық сапалары ең алдымен қалыпты, өз қызметінің ерекшелігіне сай болуы керектігін білдіреді. Себебі, мөлшерінен артық не кем қолданылған қандай да болсын әрекет не сөз орынсыз болып көрінеді және екінші жаққа жағымсыз әсер қалдырады деп тұжырымдайды.

Сөзді тауып сөйлеу мен жеткізе сөйлеу педагог маманға жарасар қасиет деп санайды. Ол *Көп сөйлесең, "Езбесің" - деп жек көрер, Сөйлемесең, "Мылқау"- екен, деп сөгер! Бұлай болса, тең ортасы - керегің, Тілге ұстамды болсаң, өсер беделің!* - деп сөз өнерінің мәні орынды сөйлеу екендігін жастарға кеңес береді. Бұл ең алдымен бүгінгі күнгі педагог мамандардың кәсіби қызметіндегі негізгі құралы сөз саптауы мен тілдік қоры екендігін ескетін болсақ, ұстаздың сөйлеу мәдениетінің жоғары болуы оның бәсекелестіктегі басты қасиеті екендігін дәлелдемек.

Сондай - ақ ұстаз бен шәкірт арасындағы қарым - қатынас кезінде әрқашан сыпайылық танытып, әдеп сақтауды кеңес береді: *"Ауыр сөйлеп тіл тигізбе адамға, Кеш сауызар, көңілде дық қалар да"* - деп қарым - қатынастағы сенімсіздіктің тууы көпке дейін ынтымақтың бұзылуына негіз болатындығын айтады. Бұл шындығында да педагогика ғылымында «педагог қызметіндегі баланы оқытуда оның іс-әрекетіне жоғары талап қоя отырып, оқушының жеке басын құрметтеу принципі» негізінде сабыр сақтауы қажет-ақ. Бұдан көретініміз, ғұлама Ж.Баласағұнның пайымдаулары бүгінгі ғылым тұжырымдарымен астасып сәйкес келіп жатқандығын көруге болады.

Сонымен бірге, Жүсіп Баласағұн бай мен кедейді, ғалымдар мен қолөнерші, малшы, әскери, қара халықты, ұстазды тең көріп,



оларды еңбегіне, білім-парасатына сай бағалауды дұрыс көреді. Бұдан ғұламаның барлық өлеңдерінің идеялық түйіні – халық қамын ойлау, жалпы халықтық, азаматтық мұраттарды жырлау екенін көреміз. Ақынның

Білімді – аз, білімсіздер қаптаған,

Ақылсыз – көп, ақылдыны таптаған, - деп сипаттауы бүгінгі таңда да толғанып отырған мәселе екендігі даусыз.

Білімге молынан сусындаған адам көп нәрседен үміттенен алады, өйткені, білім – даналық, денсаулық, бақыт көзі – ашықтық дей келе, ғұлама адам білім жолына жас кезден бастап түсуі керек деген педагогикалық ой түйеді. Тәлімгер ғалым ретінде Ж.Баласағұн білімге көп көңіл бөлген, білімге ұмтылған адам даналықтың шыңына шығады дейді. Ғұлама білімді түпсіз тереңге теңейді. Білімсіздік рухани кемтарлыққа, надандыққа, зұлымдыққа бастайды, тек білім ғана адамды мейірімділікке, кез-келген нәрсеге сын көзбен қарауға, ізгілікке бастайды деп біледі.

Ғұлама Жүсіп Баласағұн жастар тәрбиесінде әлеуметтік ортаның үнемі жағымды әсер етуін ұсынады. Себебі, жастар жақсыны өнеге тұтып, бойына сіңіру үшін жақсымен жолдас болып, жақсы сөз естуі және жақсы әрекеттермен айналысуы тиіс. Бұл педагогикалық үрдісте мұғалімнің жақсы қарым-қатынасы мен мағыналы тапсырмаларының орындалуына уақыт бөліп, іс әрекетте болуымен сәйкес келеді.

Сондай-ақ, ақын Ж.Баласағұн бала тәрбиесінде педагог маманның кәсіби қызметін оның талапшандығымен байланыстырып, *"Ұл өсіргің келсе дана, жүректі, қатты ұстап: үйрет білім, ізетті"* (1220 бәйт), - деп, сипаттайды. Өйткені, бала тәрбиесінің жан-жақты үйлесімділігін қамтамасыз ету үшін оларға білім беру жоғары талап қоя білумен шешілетіндігін де ескерген. Сонымен қатар, педагог бала тәрбиесін әртүрлі қоғамда белең алып отырған келеңсіз құбылыстардан сақтандыру мен алдын алудың бірден бір жолы ретінде олардың бос уақытын тиімді ұйымдаста білу екендігін айтады. Оны Ж.Баласағұнның *«Бақ ұлыңды бекерге бос жүрмесін, Бейбастық боп кетер бекер жүргесін»* деген өлең қатарлары дәлелдейді. Ақын өзінің мұндай пайымдаулары арқылы қоғамның бүгінгі күнгі

талаптарының сол қоғамда да тәрбиенің өзегі болғандығын көрсетеді.

Ж.Баласағұнның "Құтты білік" дастанында ұстаздық қызметтің оңай еместігі туралы ойлар кездеседі. Тәрбиеші қызметі әр баланың жеке психологиялық ерекшелігін ескере отырып, әдіс-тәсілдерді таңдау мен қолдануға қабілеттілікті керек етеді. Бұл тұста ақын көзқарасы әл-Фараби көзқарасымен сай келіп, ойлары үндесіп жатыр. Ж.Баласағұн да ұстазға балалар тәрбиесінде қатал тәртіп пен талапшандық балаларды шыңдай түсетінін айтады. Ол әрбір баланың әрқайсысы бір сұраққа қайтарылған әртүрлі жауап секілді әртүрлі болатындықтан, соған сәйкес оларды тәрбиелеудің жолдары да бірдей болмауға тиіс екендігін айтады. Ол туралы ойларын ақын «жауапкершілігі жоғары саналы балаға бір ауыз сөз айту жеткілікті болса, ата-анасын азар да безер ететін балаға қатаң талап қойып күштеу әдісін қолдану керек» деген ой түйеді. Ақын баланы шектен тыс босаңсытып жіберу де түбі кері нәтиже беретінін ескерте отырып, *«Шолжаңдатпа, білсін тәртіп, талапты, Талап қысқан бала құтты, талантты»*, (1950 бәйт) - деп қатаң тәртіп нақтылық пен ұқыптылықты қалыптастыратынын айтады. Ол үшін балалардың мінез - құлқы мен қабілет ерекшелігіне қарай тәрбие әдістерін дұрыс таңдау өте маңызды деп көрсетеді. Ақын қандай болғанда да қатаң тәртіптің қажет екендігін, тіпті, қажеті болғанда жазалауды да қолдануға қарсы еместігін білдіреді. *Талшыбықпен аршы қырсық – түйнектен, Ұл мен қызға таяқ білім үйреткен* (1490 бәйт), - деп білімді меңгеру үлкен табандылық пен шыдамдылықты қажет ететіндігін, ол үшін қатаң талап қоюдың маңыздылығын сипаттайды. Сонымен қатар, ақын жалпы бала тәрбиесінде қатаң тәртіптің болуы қашан да ата - ананы қуанышқа бөлейтінін *«Жаны жұмсақ - қатты ұстаған баланың, жарық жүзі ата менен ананың»* (1215 бәйт) - деп тәртіпке үйренген балалардың қашан да жауапкершіліктерінің жоғары болып, ата - ана көңілінен шығып отыратынын түсіндіреді. Бұл жолда ата-аналарға бағдар беруші, кеңесші ұстаз болмақ.

Ғұлама ақынның еңбектерінен ұстаздық қызмет барысында кездесіп отыратын бала тәрбиесінің қиындығы мен жеңілдігі

туралы ойлар оның тегіне байланысты деген де көзқарас байқалады. Себебі, баланың табиғатынан берілген ерекшелігі оның тәрбиесінде басымырақ байқалып, тектілігі оның жақсы қасиеттерді меңгеруге бейімділігімен, ал тексіздігі оның жаман әдеттерге бейімділігімен байқалатынын айтады. *"Ізгі жүрек ізгілікке бұлқынар, Асыл текті тазалыққа ынтызар"* деп тектінің табиғатын қашан да ізгі әрекеттерімен ерекшелеп айыруға болатынын суреттейді.

Бұл жөнінде әл - Фараби: "Балаға қайырымдылық пен жаман қылық әуел бастан жаратылысынан дарымайды. Бірақ қайырымдылықпен немесе жаман қылықпен байланысты күйге жаратылысынан бейім болуы мүмкін, сонда оған қандай да болсын басқа әрекеттерден гөрі әлгі күйден туатын әрекеттерді істеу оңайырақ болады. Сондықтан, оны қандай да болсын сырттан келген басқа бір ниет қарама-қарсы жаққа бағыттап жібермесе, ол әуел бастан – ақ, жаратылысынан өзіне оңайырақ келетін әрекетке бет қояды" - деп баланың генетикалық табиғатының оның әрекетінде басым болатындығын сипаттайды. Бұдан ғұламаның айтпақ болғаны, адамның қалыптасуында оның арғы тегінің маңызды рөлді атқаратындығын ескере отырып, оның тәрбиесінде әртүрлі қосымша тәрбие ықпалдарын дербес пайдалануды керек етеді дегенді білдіреді. Баланың қалыптасуында тәрбие шешуші фактор деп санағанымызбен оның генетикалық ерекшелігі оның индивидуалдық яғни жеке даралық сипатын анықтайтынын түсіндіреді.

Ал, Жүсіп Баласағұн бұл жөніндегі өзінің көзқарасын: *"Бәрі - анадан ізгі болып туғандар, Сүтпен сіңіп жан - жүйесін қуғандар. Жақсыға ерсе жақсы бола бастайды, Жаманға ерсе, жауыздықтан қашпайды"* (875 - бәйт),- деп табиғатынан берілген қасиет оның өз ортасында қызығушылығы мен іс - әрекеті арқылы көрініп тұратындығын сипаттайды.

Дегенмен, баланы жастайынан қатал тәрбиелеу арқылы ата - аналары жақсы азамат етіп тәрбиелеуге міндетті деп ой түйеді. Әйтсе де, ата-анға бала тәрбиесінде қашан да көмекші ұстаз болмақ. Сондықтан, өзінің өлең жырларында ақын, бала тәрбиесінде ата-аналарға таза да әділ, өнегелі ұстаз алуды кеңес беріп отырады. Өйткені, барлық жақсылық пен өнеге ұстаздан.

### **Бақылау сұрақтары**

1. Ж.Баласағұнның «Құтты білік» дастанындағы тұлғаға тән сапаларды маманның кәсіби сапаларымен байланыстырып түсіндіріңіз.
2. Ақын тұлғаның болмысын айқындайтын қасиеттер деп қандай сапаларды бөліп көрсетеді?
3. Ж.Баласағұн көзқарасындағы сөйлеу мәдениетінің маманның кәсіби біліктілігін айқындайтын көрсеткіш екендігін дәлелдеп сипаттаңыз.
4. Маманның тұлғасын қалыптастыруға ықпал етуші факторларды Ж.Баласағұн көзқарасымен сипаттаңыз.
5. Ж.Баласағұн көзқарасындағы тәрбие әдістерін түсіндіріңіз.
6. Ж.Баласағұн мұрасындағы кәсіп таңдау мен оны дұрыс ұйымдастырудың сырлары туралы пікірлерін салыстырыңыз.

### **1.4 Махмұт Қашқари мұраларындағы маманның кәсіби тұлғасы туралы көзқарастары**

Махмұт Қашқари ХІ ғасырда өмір сүріп, еңбек еткен ұлы ғұлама, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаған, зерттеуші ғалым, белгілі саяхатшы. Махмұт Қашқаридің атын біздің заманымызға жеткізген оның ұлы мұрасы «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегі. Автор түсіндірме сөздікке ежелгі ауыз әдебиеті үлгілерінен, өзі өмір сүрген орта ғасырдағы поэзиялық шығармалардан аса құнды материалдар - түрлі тақырыптағы өлең - жырлар, ертегі - аңыздар, мақал - мәтелдер, қанатты сөздер және т.б. көркем сөз үлгілерін енгізген. Сөйтіп, алғашқы қауым адамдарының өмірін, тұрмыс - тіршілігін, еңбегін, сана - сезімін бейнелейтін ауыз әдебиетінің ғажайып үлгілерін бізге жеткізген.

Махмұт Қашқаридің "Диуани лұғат ат - түрік" еңбегін бүгінге дейін әр түрлі саладағы ғалымдар зерттей отырып, оның біздің заманымызға түп - түгел жете қоймағандығын айтады. Мысалы, қазақстандық ғалымдар Ә.Құрышжанов «Диуандағы» өлеңдер жайында зерттеліп отырған сөздің түр - тұлғасы мен мағыналық ерекшеліктерін және қолдану аясын ашу үшін

М.Қашқари келтірген мысал өлеңдер тұтасымен алынған текст емес, үзінділер деп ой түйіндейді. Өйткені, олардың мағынасы мен құрылысы жағынан әрқилы екендігін айта келіп, ол үш томдық кітаптың мазмұнындағы өлең жолдары ұзына бойына шашырап, әр жерден бір жазылған (бір жерде екі жол, екінші жерде төрт жол т.т. - одан артық емес) деп түсіндіреді.

Біз Махмұт Қашқаридің "Диуани лұғат ат - түрік" еңбегімен бүгінге дейін ғалымдар И.В.Стеблева мен Ә.Құрышжанов және ақын Ф.Оңғарсынованың көркем аудармалары арқылы таныспыз. Сондықтан, М.Қашқаридің аталмыш еңбегінің аудармасы бойынша жазылған нұсқасымен таныса отырып, Махмұт Қашқари өлеңдерінің мазмұнындағы маманның кәсіби сапалары мен оның тұлға ретіндегі қасиеттерінің бүгінгі күн тәжірибесінде маңыздылығын көпшілік назарына ұсынғымыз келеді. Өйткені, ақын сол ғасырларда өмір сүре отырып, өз замандастары көтерген қоғамдық тәлім - тәрбие мәселелерін сөз етпей шет қалуы мүмкін емес еді. Махмұт Қашқаридің кәсіби сапалар туралы көзқарастары оның "Өсиетте - насихат" және "Нақылдар мен ғақылдар" деп аталатын өлеңдерінде баяндалады. М.Қашқаридің еңбектерінде жақсы мінез - құлық жақсы тәрбиенің жемісі екендігін білдіретін көзқарастары ерекше көзге байқалып тұрады. Бұл тұста ғалым М.Қашқари мен әл - Фарабидің адам баласының бақытқа қол жеткізуші негізгі байлығы білімі арқылы қалыптастырған жақсы мінезі екендігін көрсетуде көзқарастарының өзара үйлесім табуы көрінеді.

М.Қашқаридің көзқарасы бойынша өлең жолдарынан көретініміз әрбір адамның өмірі мен кәсіби қызметіне тірек болатын өнеге өзінің басшысының болмысы. Сол басшы әрекетінен үлгі алып қалыптасатын әрбір қызметші айналасындағы ортаға үлгі болатындықтан, ақын ең алдымен өсиетті басшыларға қаратып йтады.

*Таққа шығып тұрсаң да, тәңіріңді ұмытпа, асып-тасқан көңіліңді ақылыңмен шыбықта. Ұлық болса еліне ізгі болар ер кісі, кішілік пен кісілік - ұлылықтың белгісі, -* деп маманның қызметтік сатыда дәрежесі өсіп, ұжым басшысы болып тұрғанда да қарапайымдылығынан айрылып қалмауын еске салады. Қарапайымдылық пен кішіпейілділік адамның тектілігі мен

білімділігін, қызметтік мәдениетінің жоғарылығының көрсеткіші деп біледі. Сондай-ақ, кәсіп иесінің адамдармен қарым - қатынаста тек өзгелердің бойындағы жақсы қасиеттерін алуға бейім болуын ұсынады. Адам бойындағы жаманшылығын сөз етудің өзі артық деп санайды М.Қашқари. *Ақ ниетпен күліп алға келсе, шырай таныт сен де. Жақсы сөзді ұғып ал да, өсек-аяң алып келме. Кекті тайдыр жолыңнан, әділдікті саяла. Келгенінше қолыңнан жақсылығыңды аяма,* - деп алдына келген әрбір адамның мұң - мұқтажын жылы шыраймен тыңдай отырып, қолыңнан келсе көмегіңді аяма деп кеңес береді. Ғұламаның мұндай көзқарастары мен ұсынысы нарықтық заманның дәл бүгінгі күндері әрбір басшының ескеріп, өз әрекетінде басшылыққа алып отыруға тұрарлық өсиеті екендігі даусыз.

М.Қашқаридің көзқарасы бойынша адам баласын бақытқа жетелейтін бірден бір қасиет – ол, білімді игеру, болашақта кәсіпке айналатын әрекет машықтарының шеберлігіне жету деп біледі. Баланы ғылым-білімге құмар етіп тәрбиелеу, ол өмір сүруде тура жолды көрсетер құрал екендігін ақын өз жырында жастарға өсиет етеді. Ол: *“Менен, ұлым ақыл ап, жақсы жолға жаратқын, Елде дана, ұлы боп, біліміңді таратқын”* – деп білімді үйреніп қана қоймай, маманның өз білгенін барша жұртқа насихаттап, шапағатын тигізіп жүруі қажет екендігін айтады. Әйтсе де, жас маман бір дегеннен барлық білімге негізделген кәсіби әрекеттерді игеріп кете бармайды. Сондықтан, қашан да білімді адамның ақыл кеңесіне құлақ түріп, оның жол сілтеуінен өнеге алып отырса біртіндеп кәсіби шеберліктің сырларын игеретінін былай насихаттайды: *«Ұлым, саған айтайын, өсиетін дананың: білімдіні таны да, соңынан ер, қарағым. Білім үйрен данадан, жалтаңдама басқаға, қызмет қыл, басыңды и, өрлігіңді таста да»,* - деп, білім - өнер үйренудің өзінен-өзі келмейтіндігін, ол үшін тер төгіп, еңбектену керектігін жастардың есіне салады.

Махмұт Қашқари өмір сүрген кезеңде ғылым мен өнердің дамып, әр саладағы білім өзара сабақтастықта қарастырылғандықтан, ғұлама ғалым жырларындағы көзқарасында тіршілікте адам баласының барлық әрекеттерінде кездесетін құбылыстары да сөз болып, назардан тыс қалмаған. Қоғамның қай кезеңінде

болмасын нағыз білімді адамдар ғана көпшіліктің ыстық ықыласына бөленетінін, сеніміне кіретінін, ал білімсіз адам қанша билік басында отырса да оның беделі көпшілікке мәлім болып тұратынын маңызды мән бере сипаттайды. Бұл көзқарасын ғұлама: *«Білімдіден сөз тыңдасаң, күш тасыр, үйренгенді желге ұшырмай – іске асыр»*, - деп білімді үйренуде оның маңыздылығы тіршілікте оның пайдасын көру деп ұқтырады. Оқыған, білімді адам мен оқымаған наданның арасында қашанда Аспан мен Жердей айырмашылық сезіліп тұрады дейді. Оқыған білімдінің ерекшелігі оның сөйлеген сөзінен - ақ, көрініп тұратынын айта отырып, білімді адам сөз құдіретімен, ақылды да ойлы пікірімен кез-келген кедергілер мен қиыншылықтарға тосқауыл қоя біледі дейді. Ол: *“Ұлым, ақыл тыңдасаң, білімсіздік жоғалар, білім қалар артында, ғұмыр сырғып жоғалар. Қобалжығыш көңілдің ақылы да жоқ аса, мылжыңы көп адамның аспаны да аласа. Көлің толса, үйіңнің жарын жығар, білікті адам айтпай-ақ жаныңды ұғар*, - деп ескертуі білімді адаммен сұхбат пен қарым-қатынас жаныңа рахат беріп, мәселенді шешуге ықылас танытады дегенді меңзейді.

М.Қашқаридің «Нақылдар мен ғақылдар» деп аталатын өлеңдерінің мазмұнында қоғамдық тәрбиенің қыр - сырлары, баланың болашақтағы мамандық таңдауы бәрі де қамтылған. Асқан философиялық астармен айтылған керемет теңеулер ойлы жасқа тәрбие теңізінің тереңінен деректер береді. Ақын бала тәрбиесі отбасында ата-аналардың өнегелері арқылы бастау алып, арнайы білім мекемелерінде жалғасын табуы арқылы жетілдірілетінін, оның нәтижесі отбасындағы тәрбие бастауына тікелей байланысты дегенді меңзейді. Ол *“Тасқын сулар таудан өтіп, тас жарар, ну жайқалар тереңдіктен татса нәр*, - деп балғын шағында ата - ананың жақсы өнегесі мен тәрбиесін көріп өскен бала, өскенде тас жарар тасқын судай алысқа баратынын, өмірде өз орнын тауып, көпке шапағаты тиер ел азаматы болып өсетіндігін айтады.

Педагогика ғылымының басқа ғылымдардан айырмашылығы адам тәрбиесіндегі соңғы нәтижені алудың ұзақ мерзімге бағытталуында болса, маманның кәсіби қалыптасуының қыры мен сырын үйренуге деген қызығушылық және дағды баланың

отбасынан бастау алған әрекетінің жоғары оқу орнында жалғасын табуы арқылы жүзеге асатын өзара сабақтастықтағы әрекеті екендігі ұлы ғұлама мұраларында айқын көрініс тапқан. Ұлы ақын «Асығыс еткен іс шала» деп қандай істе болсын байыппен, сабырлылықпен әрекет етуді ұсынады. Кәсіп таңдау мен тапсырманы орындау байыппен кірісуді керек ететін әрекет екендігін еске салады. Ол: *"Іске асығыс кіріспе, иінін біл бірақта, «Жағамын» деп асыққан өшіреді шырақты,* - деп асығыс тірліктің соңы қашан да өкінішке соқтыратынын ескертеді. Бұл біздің заманымыздағы жастардың сол мезетте жоғары нәтижеге жету тілегінен туындаған әрекеттерінде біршама ойлануға түрткі болады. Мысалы, қаншама жастарымыз мемлекеттік грант иесі болу үшін мамандық таңдауда қызығушылығы мен ертеңгі қызметіне икемдігін ескере бермейді. Содан соң оқуға түскеннен кейін қызығушылығы төмен екендігін біледі, мамандықты шебер игеріп шыға алмайды. Бұл асығыстық шешімнің нәтижесі. Сондықтан, бүкіл өмірі мамандық алумен өтіп жатқан азаматтар да баршылық.

М.Қашқари жақсы мінезді маманның қандай жағдайда өзін қалай ұстай білуі керектігін де өсиет еткен. Онда: *Саған күлсе біреулер - күлкісінің сырын бақ, өзің де күл, шарт сынба, тұла бойың шымырлап. Біреу күлсе – бетіңе, күйдірер күл шашпағын, Ізгілікпен күлімдеп, жылы қара, саспағын (1,149),* - деп қандай жағдай болғанда да сабыр сақтау қажет деп санайды. Жоғарыда айтып кеткендей, сөз қадірі мен оның күші туралы М.Қашқари жиі айтады. Бұл ұстаз қауымына қажетті қасиет - қандай жағдайда да салқынқандылық танытып, асығыстық шешім қабылдамау. Артын бағу арқылы өз өзін психологиялық тепе-теңдікте ұстай ділуге дағдыланудың қажеттілігін кез-келген адам баласына қажетті қасиет деп біледі.

М.Қашқари маманның кәсіби болмысы мен қарым-қатынас мәдениетінің өзгеруі және қалыптасуына ықпал ететін сыртқы факторлар – жанындағы әріптестерімен жақсы қарым - қатынаста болу, сыйласып өту, жора - жолдастардың ықпалы, өмірдің әлеуметтік жағдайлары және т.б. факторларды да назардан тыс қалдырмаған. Ол қызметтегі әрекеттер мен талаптарды үйге келгенде ұмытып, өзін басшы емес, азамат ретінде сезінудің



отбасылық қарым-қатынаста көп мәселелерді тиімді шешетіндігін айтады. Оның бірінші көрсеткіші – ең алдымен өзіңді өмірге алып келген анаңа құрметті ұмытпау екендігін ескертеді. Бұл туралы көзқарасын: *«Ата - анаңды қадірлей біл, ақыл сөзін тұтын да, өз басыңа бақ дарыса, есің шығып құтырма»*, - деп баланың қандай ересек болса да, жұмыс орнында үлкен лауазымды адам болса да ата - ана алдындағы парыздарын ешуақытта ұмытпауын еске салады.

Байлыққа құмарлық адам баласын аздырар, тура жолдан тайдырар қасиет дей келе, маманның кәсіби қызметіндегі басты ұстанымы біліктілігі екендігін оның туралығы мен білімділігімен көрінетін қасиеті деп біледі. Оның: *Байлық – берген абырой – жайлаудағы қоңсыдай, она жаққан әйелдей, тұрақтамас ол шырай. Алтыныңа, малыңа масаттанба ағайын, күн мен түнің бәрібір өте шығар жолшыдай*, - деп көрсететін өлеңдер қатарындағы айтайын деген ойы, дүние де, мансап та өткінші дегенді меңзеп тұр. Күндердің күнінде қызметтегі тақтан түскенде күнің не боларын да бір мезгіл естен шығармағанды жөн деп біледі. Мұндағы М.Қашқаридің көзқарасы Ж.Баласағұн пікірімен астасып, тамаша үйлесім тауып тұр. Себебі, бақ - дәулет қолдың кірі немесе ай тәрізді өзгеріп тұратын құбылмалы дүние дегенді айтқысы келгендей. Сондықтан ғұлама ғалым: *Артық бұйым, адамзат, жауың болар түбінде, білім, өнер бойдағы сауын болар түбінде. Байлық деген топан су, түбі жау боп жылатар, ол иесін түбінде төмен қарай құлатар*, - деп рухани жетілуден гөрі материалдық байлыққа ұмтылушылықтың түбінде адам баласын өзгеден төмендеп кетуге әкелетінін де ескертеді. Мұндай пікір араға бірнеше ғасыр салып, ұлы Абай еңбектерінде жалғасын тапты. Ол «адам баласы бір- бірінен білім, ғылым арқылы озбақ, одан басқа нәрселермен оздым ғой демейсің, бәрі ақымақтық», - деп Махмұт Қашқари өсиетін келер ұрпаққа насихаттайды. Мұндай аталы сөздердің мәні мен бүгінгі күнгі маңызын түсінер жастар болса құба құп. Мұндай ой Абай атамыз «Даналардан шыққан сөз, талаптыға болсын кез» деп айтқанындай, бүгінгі жастардың өмірлік мақсатына айналса артық болмас еді.

Әйтсе де, бүгінгі күннің талабы рухани да, материалдық тұрғыда да бай болуды керек етеді. Сондықтан рухани бай, әсем мінезді жастардың тұрмыс - тіршілігі де соған сай болып жатса жарасымды. Көбінесе мұндай жағдайда, дүние мүлік, материалдық молшылық адам баласының болмысына әсер етіп, оның мінез - құлқы мен жүріс - тұрысына ықпал етеді. Әрине, мұндай жағдайды ескере отырып, ақын М.Қашқари жастарды дәулет біте қалғанда қалай болу керектігін де өсиет еткен: *Халық сүймес сараңды, жаны жұтаң адамды. Кішіпейіл бол, ұлым, атың сонда қалар-ды Дүние жиып сенделме, қарның тойса шалқыма. Жаның көрге енгенде, қалар бәрі артыңда,* - деп, бұл дүниеде адам болмысына көп дүниенің керегі де жоқ екендігін түсіндіреді. *Алтының мен күмісің болған сайын құнықпа, қу нәпсіге табынып, тәңірінді ұмытпа!* – деп қашан да адам өмірдегі өз орнын білуін имандылықтан аттап кетпеуді еске салады.

Десек те, М.Қашқари қызметте бәрі бірқалыпты болмайтындығын да ескерген. Ол қызметтік қарым-қатынас пен іс-әрекетте кездесетін қиыншылықтардың болатындығын айта отырып, мұндай жағдайда маманды сабыр сақтауға, оны «Алланың сыны» деп түсініп, ақылмен басқаруға шақырады. Оны *”Қиындық түссе басыңа, төзгін «Әлі-ақ өтер» деп. Тағдырды ойла, жасыма, жылай бермей бекер кеп,* - деп өмірдің қандай қиын сәттерінде де ашу шақырмай, ақылға жеңдіру керектігін ұсынды.

М.Қашқаридің өмір туралы түсінігіне жүгінсек, ғалым әрбір адам бұл өмірге ізгілік істер жасау үшін келеді деп ойлайды. Өмір сүрудің мәні адам өзінен кейін келер ұрпаққа ізгі мұра қалдыруында деп біледі. Ол міндетті түрде рухани құндылықпен байланысты, ал материалдық байлық ол өткінші нәрсе деп ұғады. Ондай көзқарастарын, ақынның: *Бұл дүниеге келген соң, қалмас ешкім мәңгілік, тек Жұлдыз бен Күн ғана, қайта туар жаңғырып,* - деген өлең жолдары арқылы сипаттап, бұл жалған дүниеде сауап істер жасауға асығуды жөн санайды. Сондықтан, әрбір маман өзінің қызметтік әрекетінде артында із қалатындай және жұрттың ризашылығы мен сауабын алатындай әрекеттерге баруды ниет етсе, ол жақсы маман болғаны деп біледі.

Сондықтан бүгінгі жас мамандарды кәсіби шыңдауда ата-бабалар дәстүрін пайдаланумен қоса, ұлы ғұламалар өсиеттерін де оқу-тәрбие үрдісінде басшылыққа алған жөн.

Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстан-2050» стратегиялық бағдарламасында: «Біз жастарымыз бағыт алып, бой түзеуге тиіс өз заманымыздың жаңа қаһармандарын көрсету және жасауымыз керек. Сондай-ақ, біз өзіміздің ұлттық мәдениетіміз бен дәстүрлерімізді осы әралуандылығымен және ұлылығымен қосып қорғауымыз керек, мәдени игілігімізді бөлшектеп болса да жинастыруымыз керек», - деп атап көрсете отырып, жастар тәрбиесін қалыптастыруда ұлттық болмысымызды сақтап қалудың маңыздылығын міндеттейді. Ол азаматты қалыптастырушы мамандар мен ата-аналар бойынан көрініс табуымен қатар, тәрбиенің негізгі бағдарына айналуы тиіс. Мұндай талаптар қоғамның қай кезеңінде болмасын адамның кәсіптік бейімделуі, кәсіби сапалар туралы ой-пікірлер адамзат баласын ойландырып келген. Қоғамның өркениеттілігі мен ғылым-білімнің дамуымен бұл мәселе бүгінде орасан зор мәнге ие болып, тұлғаның кәсіби қалыптасуына деген талаптар да арта түсуде.

Сонымен, орта ғасырдағы ұлы ғұламалардың қай қайсысының еңбектерін алып қарасақ та, мазмұны кәсіпті меңгеруде маманның жеке басының адамдық қасиеттері мен қоршаған адамдармен қарым-қатынасының жоғары мәдениеттілігі сөз болады. Бұдан келіп шығатын тұжырым, кәсіп иесін қалыптастыру тек нақтылы іс-әрекетті меңгерумен ғана байланысты емес екен, сонымен бірге кәсіптік қарым –қатынас мәдениетін адамдар арасында қолдану әдебін үйрену арқылы адам сапасын арттырумен байланысты екендігін дәлелдей түседі.

Бүгінгі қоғамның дамуы нарық сұраныстарын қанағаттандыратын маманның болуын қажет ететіндігін жоғарыда айтып кеткен болатынбыз. Бұл ең алдымен оның адами және кәсіби қарым-қатынасында көрініс табады. Өйткені, бүгінгі жаппай еуропалық мәдениет дәстүрлерін үйреніп жатқан заманда, ұлттық болмысымызды бойымызға сіңіре отырып, жаһандық кеңістікте бәсекелестікке түсу өзіндік ерекшелігімізді танытудың бірден- бір жолы деп білеміз.

Мұндай қарым –қатынастағы талаптар М.Қашқари еңбегінде былай беріледі: Ұлы ғұлама ақылды ұлылардан, яғни үлкендерден ал, білімді халыққа беретіндей бол, асығыстық ұятқа қалдырар; еліңмен тіл табыс, жүзінді жылы ұста, надандықтан аулақ бол, сөз түсінбес мылқаулардан алыс жүр, үлкенді сыйла, айтқанын тыңда, қиын- қыстау кезеңде халықпен, көппен бірге бол, ел бастайтын ақылды бол, сөз бастайтын шешен бол, деп адам бойындағы ізгілік яғни тұлғалық қасиеттерді уағыздай отырып, жас ұрпағының дұрыс тәлім-тәрбие алғанын қалайды. М.Қашқари бақыттылықтың бірден-бір нышаны таным жолында деп білді («Бақыттың белгісі-білім»). Ол үшін білімді игеру ынта мен жасампаздықты көрсететін ұзақ процесс деп көрсетеді ғұлама.

Бұл туралы ғалым Ә.Н.Нысанбаев М.Қашқари еңбегінің маңыздылығына былай тоқталады.

«Парасатпен жалықпастан үйренсең,  
Көрсетесің дандайсымай сынақта асыл сырыңды.  
Білімдінің қасына бар күнде балам ерінбей.  
Төмен тұрып үйрен толық тәкәппар боп көрінбей.  
Махаббатың мейіріне нәзік жаның күйеді.

Білім деген мәуелі ағаш өз жемісін береді», -дейді М.Қашқари.

Сонымен, М.Қашқари көзқарастарындағы ойларын жүйелей келе, басшыға керекті басты қасиеттер мыналар болу керек: күшті қайрат, кейде үздік жетілген қайрат, өз бетімен ойлау, өздігімен істей білу, кейде кенеттен ұшыраған жұмыста тез жол тауып, айла құрып, шығыс табу. Оның үстіне өз қызметін шын сүю керек. Мұндай сана болмаса, өзге қасиеттері қандай күшті болса да жарытпайды. Қызметін сүю жан тәннің барлық күшін дәуірлетіп, шабыттандырады, қыздырады, ерлікке, батырлыққа айдайды.

Тәуекелшіл, ер, батыл кейіпкерді қайда көрсең де, ол – ұйым жасаушы, ол – үгітші, ол – басшы, ол – көсем, әлеумет тұрмысы оларсыз мүмкін емес, олар - әлеуметтің жаны», - деген Аймауытов сөздерінен ел билейтін адамдардың яғни «тұлғалардың» қандай болуы керектігін көреміз. Қай дәуір, қай қоғам болмасын, елдік мәселелерді шешуде ел басқарған

тұлғаларға, басшыларға қояр талап өте жоғары болған. Уақыт талабына сай білім мазмұнын жаңарту – бүгінгі күннің басты талабы. Қазіргі қоғам сапалы да сындарлы білімді қажет етеді. ХХІ ғасыр табалдырығын еркін аттаған азат ұрпаққа тәлім-тәрбие және білім беруді жетілдірудің басым бағыттарын айқындау – педагогика саласының көкейтесті мәселесі. Білім беру жүйесінің мазмұнының бүгінгі таңдағы жаңа талаптарға сай толықтырылуы - өмір қажеттілігі. Әлемдегі болып жатқан жаһандану процесі біздің еліміздің де білім беру кеңістігіне енуіне бағыт алуымызды, ғылыми-педагогикалық ізденісте де өзгеріс енгізуімізді қажет етеді. Себебі, еліміздің көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы, халықаралық деңгейге шығуы бүгінгі ұрпақ бейнесі арқылы көрінеді. Сонымен қатар, зерттеуші педагогтардың еңбектерінде де бұл мәселе ерекше айшықталады. Бұл құнды пікірдің негізі ұлттық педагогикада жатыр деп түсінеміз.

Түркі ғұламаларының бірі М.Қашқари ұстаз кәсібін серік еткен мамандар бойынан табылуы тиіс қасиеттерді сипаттай келе, олардың адамзат үшін қандай пайдасы болатынын былайша түсіндіреді: *“Білімдіден сөз тыңдасаң, күш тасыр, үйренгенді желге ұшырмай – іске асыр”*, - деп білімді үйренуде оның маңыздылығы тіршілікте оның пайдасын көру деп ұқтырады. Оқыған, білімді адам мен оқымаған наданның арасында қашанда Аспан мен Жердей айырмашылық сезіліп тұрады. Сондықтан ұстаздың жеке басының өнегесі оқушыларға үлгі боларлықтай болуын қажет деп біледі. Ұстаздың тағы бір ерекшелігі өзінің бойындағы асыл қасиеттері мен білімін оқушылар бойына сіңіру екендігін айтады. Әйтсе де, шәкірттерді ойлауға, талқылауға үйреткен ұстаз ғана өзінен асып түсетін озық ойлы шәкіртті тәрбиелей алады. Бұл бүгінгі күні «Жаман ұстаз дайын ақпаратты береді, ал жақсы ұстаз оқушылардың өздерінің ғылыми ақпаратты іздеп табуына мүмкіндік туғызады» деген қағидасын толықтыра түседі. Оқыған білімді ұстаздық ерекшелігі оның сөйлеген сөзінен - ақ, көрініп тұратынын айта отырып, білімді адам сөз күдіретімен, ақылды да ойлы пікірімен кез - келген кедергілер мен қиыншылықтарға тосқауыл қоя білетінін, оның адамдармен орынды сөйлеу мәдениетінің күшін сипаттап баяндайды.

М.Қашқари ұстаз қызметін соңынан бір топ жастарды бақытты өмірге жетелеуші басшы, ұйымдастырушы да ақылшы, жол сілтеуші ретінде көреді. Осы жолда ұстаз шәкірттер алдында өзін қарапайымдылығымен, жұмсақ сөзділігі мен білімі арқылы баурап алатынын жөн көреді.

Қорытындылай келе, М.Қашқари мұраларында педагог-ұстаз тұлғасы ең алдымен оның рухани дүниесімен сипатталатынын дәріптеген. Ұстаз болмысы оның білімділігімен, қарапайымдылығымен, көпшілдігі мен әсем сөздігі басты қасиеттері деп саналған. Сөз құдіретін ұлы ғұламалар еңбектері қашанда жоғары бағалаған және азсөзділік пен мағыналы сөйлеу тәрбиенің өлшемі іспетті бағаланған. Олай болса, сөзіне қарап ісін болжаған бабаларымыз көзқарасын біз де жадымызда ұстағанмыз жөн. Сонда ғана педагог маманның сөзі мен ісінің бірлігі және ұлттық ерекшелігімізге сай мінезіміз қалыптаспақ.

Педагогика ғылымының басқа ғылымдардан айырмашылығы адам тәрбиесіндегі соңғы нәтижені алудың ұзақ мерзімге бағытталуында болса, тәрбие нәтижесінің де бірден көрінбей, ұзақ жылдар жемісі екендігі М.Қашқари көзқарасында айқын көрінеді. М.Қашқари еңбектерінде жақсы мінез - құлық жақсы тәрбиенің жемісі екендігін білдіретін көзқарастары ерекше көзге байқалып тұрады. Бұл тұста ғалым М.Қашқари мен әл - Фарабидің адам баласының бақытқа қол жеткізуші негізгі байлығы білімі арқылы қалыптастырған жақсы мінезі екендігін көрсетуде көзқарастарының өзара үйлесім табуы байқалады.

#### **Бақылау сұрақтары:**

1. Махмұт Қашқаридің "Диуани лұғат ат - түрік" еңбегінің мазмұны мен педагогикалық көзқарасының негізгі бағытын айқындаңыз.
2. М.Қашқари маманның тұлғасын айқындайтын басты сапаларды қалай сипаттайды. Көзқарасыңызды білдіріңіз.
3. М.Қашқари көзқарасындағы маманның кәсіби және тұлғалық сапаларының ішінде қайсысы басым маңыздылыққа ие болады?
4. М.Қашқари көзқарасындағы сөйлеу мәдениеті туралы идеяларын сипаттаңыз.
5. Ұстаздың басты әрекеті мен қызметінің мәні туралы ақын пікірін дәлелдеп сипаттаңыз.

6. М.Қашқари көзқарасындағы педагог маманның басты сапаларын бүгінгі күн талаптарымен сабақтастықта түсіндіріңіз.

### **1.5 Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикметіндегі» тұлға дамуының кәсіби қалыптасуымен үйлесімділігі**

Тұлғаны қалыптастыру мәселелерін XII ғасырда өмір сүрген, сопылық ілімнің негізін салушы ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикмет» еңбегінің мазмұны да қамтиды. Қ.А.Ясауи дін арқылы Алланы сүю, таза, адал жолмен дұрыс өмір сүруді халыққа насихаттай отырып, кемел адам қандай болуы керек және оны қалыптастыру үшін ол қандай сынақтардан өтуі керектігін айтқан. Ғұламаның мұндай пікірлерін барша адамзат болмысын ізгілікке баулитын ұстаз тұлғасына қояр талаптармен сабақтастырып қабылдауға болады. Діни сауаттылық пен ұлттық тәрбие сипаттары бүгінгі маманның кәсіби қызметі шеңберінен шығып, тұлғалық сапаларын толықтыра түседі. Бұл әсіресе бүгінгі қаптаған діни ағымдардың адам болмысына өзіндік әсерін тигізіп отырған заманда бәсекеге қабілетті маманның тұлғасын кемелдендіре түсудің бір шарты іспетті.

Діндар адам ұстаз іспетті. Алланың бұйыруымен қалай дұрыс өмір сүру керектігін үйретуші және насихаттаушы тұлға ретінде Қожа Ахмет Ясауи мұраларының астары тәлімгер ұстаздың қызметі мен оның жеке басына қойылар талаптарын сипаттайтын көзқарастарын өзара сабақтастықта көруге болады.

Қ.А.Ясауидің көзқарасы бойынша *кемел адамдық* дәрежесіне жету үшін әрбір адам өз таңдауы бойынша әлемдік ақыл оймен бірігуі керек. Ол үшін төрт сатыдан өтетін өмір жолын ұсынады. Оны мынадай өлең жолдарындағы ойларынан білеміз:

*Шаригаттың шапанын кимейінше, тарихаттың пырағына мінбейінше, Ой әлеміне беріліп батпайынша, хақиқаттың майданына кіріп болмас,* - деп білімділікке жету арқылы ғана адам кемелдене түсетінін, оның жолы қиын жол екендігін айтады. Оның әрқайсысына жеке түсінік беріп кететін болсақ, оның *біріншісі*, жұрттың бәріне ортақ шарифат жолы. Бұл жаратушы-

ның өз сөзі бойынша «Құранда» айтылатын адамзат парыздарын орындап, өтірік айтпай, ұрлық қылмай, ешкімге зәбір көрсетпей дұрыс жүруді қолдау. Мұнда ұстаздың ең алдымен таза, дұрыс жолдағы азамат болуы деп түсіну керек.

*Екіншісі*, тариқат жолы. Бұл саты кез-келген адам үшін міндетті емес, бірақ, тариқат жолына түспей, ақиқатқа жету мүмкін емес. Ол үшін тынымсыз ізденіп, мақсатына жету жолында барлық қиыншылықтарға төзуге даяр болу. Бұл да ұстаз бойынан табылуы тиіс қасиет. Себебі, ұстаз адамзаттың болашағы мен қоғам мүддесі үшін барынша беріліп еңбек етуші тұлға. Әрине, осы жолды таңдаған жанға пір, ұстаз қажет дейді.

*Үшіншісі*, мағрипат жолы. Бұл енді азап арқылы жатпай тұрмай ізденген жанкешті еңбегінің нәтижесінде адамның білімді, дүние сырын тани бастауы болып табылады. «Білім деген жеміс беретін мәуелі ағаш», оған ерінбей еңбек еткен адам ғана ие болады деп түсіндіреді. Діни түсініктерде ғылымның орны ұлық. Ілім іздеу әрбір мұсылманның міндеті, яғни әрбір адам баласы іздену арқылы шындықты, ақиқатты білуге ұмтылуы тиіс.

*Төртінші* хақиқат (ақиқат) яғни өмірдің барлық сұрақтарына жауап таба алатындай тұлғалық қасиетке ие болу яғни адамзатты жаратқан әлемдік рухани абсолют ақыл оймен бірігу болып табылады. Бұл дәрежеге жеткен адам ғаламның барша сырына қаныға алады деп ой түйеді.

Осылайша бақытқа барар жолды көрсете отырып, оны айқындайтын қасиеттерді де нақтылап, әрбір жолда адам баласы бойына қалыптастыруға тиісті қасиеттер айқындалып, сол қасиеттер арқылы дамып жетілетіндігін түсіндіреді.

Бүгінгі ұстазға қойылып отырған талап та осы емес пе? Оқушылар үшін кез-келген сұрақтың жауабын беруші, қиналыста жол сілтей алушы тұлға ұстаз болуға тиіс. Сондай болуға ұмтылыс жүріп жатыр.

Қ.А.Ясауидің бұл сатылы суреттелген тұлғалық қасиеттерін маманның кәсіби жетілуімен байланыстыра қарастыруға әбден болады. Өйткені, әрбір адам шарифат талаптарын орындап, адал да тазалықпен өмір сүруінің керектігі мұғалім маман үшін де міндетті. Бұл оның кәсіби қызметіндегі адами немесе тұлғалық сапасы немесе міндеті деуге тұрарлық. Ал, үнемі ізденушілікке



бейім болу, ғылымды сүю мен зерттеу де маманның жоғары санатты қызметі мен қабілетінен дерек береді. Бұл, әсіресе, бүгінгі қоғамның сұраныстарынан туындаған маман болмысының сипаты. Шығармашылық ізденісте болу, білімнің шыңына ұмтылу мен әділдік жолында аянбай тер төгу ақиқатты анықтауға мүмкіндік береді. Қ.А.Ясауи көзқарасындағы адам баласының тынымсыз еңбектеніп, тер төгудегі түпкі мақсаты ақиқатты тану, олай болса, болашақ маман да өз қызметінде тынымсыз іздену арқылы кәсібінің ақиқатын тануы тиіс. Бұл сатылы әрекеттерді тұлғаның кәсіби өсу жолындағы қызметтерімен байланыста ұштастыруға әбден болады. Бұл дүниетанымдық тұжырым жалпы адам баласының кемелдену жолындағы әрекеттері ретінде берілгенімен кез-келген қызметтің дамуы жолын айшықтайтын қағида рөлін атқара алады. Сонымен, Қожа Ахмет Ясауидің педагогикалық көзқарасындағы тұлғаға қатысты пікірі бойынша ұстаз тұлғасы жан-жақты үйлесімділікті қамтитындығын байқауға болады. Олар көзқарасындағы ұстаз тұлғасының қалыптасуы олардың мамандық таңдауынан бастау алып, мінез-кұлқының қалыпты ұстамдылығы мен жоғары мәдениеттілігін, терең де жан-жақты білімділігін, кәсіби іс-әрекеттегі күзіреттілігін қамтитындығын айқындауға болады. Қожа Ахмет Ясауи көзқарасындағы ұстаз болмысының ерекшелігі мейірімділік пен ізгіліктен тұратындығын аңғару қиын емес. Ең алдымен жүрек жылуын бере отырып, тәрбиелік ықпал жасау қажет деген тұжырым жасауға болады.

Ақынның көзқарасы бойынша ұстаз қоғам сұранысын қанағаттандыратын және азаматтарды жақсылық қасиеттерге тәрбиелейтін тұлға. Қоғам - оның өмір сүрген ортасы, халқы, заманы және олардың бір-біріне тигізген ықпалдары. Оның саяси-әлеуметтік көзқарастарының негізін этикалық бастау құрайтыны да тегін емес. Сондықтан, Қожа Ахмет Ясауи адамның жақсы не жаман, әділетті не әділетсіз іс-әрекеттерін оның құдайға сенуіне байланысты саралап, бағалайды. Иә, "Кімде-кім жақсылық жасаса, ол құдайдың сүйіктісі болады. Ал кімде-кім жамандық жасаса, ол күнәдан арыла алмайды", - дейді. Өйткені, жақсылық пен жамандық адамның қасиеттерінен нәр алады, жалғасын табады деп тұжырым жасайды. Олай болса,

жақсы ұстаз ең алдымен жақсы адам бола білуі тиіс, сонда ғана өзгелерді жақсылыққа бастай алады. Сондықтан болар, А.Яссауи адамның қарама-қарсы мінез-құлықтарын өзара салыстыра қарастырады. Солардың қатарында: сараңдық пен жомарттық, көнбістік пен тәкаппарлық, қайырымдылық пен қайырымсыздық, жуастық пен қаталдық, қасірет пен қуаныш сияқты этикалық ұғымдар қатар кездеседі. Әрбір адамның бойына ізгілік қасиеттерді қалыптастыру арқылы ізгі қоғамды құру идеясы тұрғысынан қарағанда Қ.А.Яссауи көзқарасы мен пайымдаулары әл-Фараби пікірімен сабақтасып, үйлесімдік табады. Тек оларды қалыптастырудың құралдары ғана өзіндік айырмашылық беріп тұрады.

Ұлттық тәрбиемізде діннің алатын орнын ескеретін болсақ, Қ.А.Ясауи көзқарасындағы тәрбиеге деген қатыныс сипаты мен тәсілі ұстаз табиғатына да жат емес. Олай болса, ақынның сопылық ілімінің астарындағы кәсіп пен оны атқарудағы идеялары мен адами сапаларын әр адамның бойынан көруге ұмтылыс жасау тәрбиеде оң нәтиже бермек.

#### **Бақылау сұрақтары**

1. Қ.А.Ясауидің «Диуани хикмет» еңбегіндегі «Кемел адам» тұлғасының моделін бүгінгі бәсекеге қабілетті тұлға болмысымен салыстырып сипаттаңыз.

2. Қожа Ахмет Ясауидің кемелдікке жетуді төрт сатылы жүйесінің ерекшеліктері мен мақсатын түсіндіріңіз.

3. Қожа Ахмет Ясауи көзқарасында ғылымға қаншалықты мән берілгендігін дәлелдеңіз.

4. Ғылымның діндегі орны мен маңыздылығына сипаттама беріңіз.

5. Қ.А.Ясауи көзқарасындағы діни маман мен тәлімгер арасындағы ұқсастықтарды олардың міндеттерімен байланыстыра түсіндіріңіз.

6. Кез-келген адам үшін орындау міндетті емес сатыға (ақиқатқа жету жолында) көтерілу түрткілерін бүгінгі заман құбылыстарымен байланыстырып баяндаңыз.

## 2-ТАРАУ.

### ҰЛЫ ҒҰЛАМАЛАР МҰРАЛАРЫНДАҒЫ ПЕДАГОГ МАМАННЫҢ КӘСІБИ ТҰЛҒАСЫ ТУРАЛЫ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ КЕЙІНГІ ҰРПАҚ ӨКІЛДЕРІ ЕҢБЕКТЕРİNДЕГІ САБАҚТАСТЫҒЫ

#### 2.1 Қазақ ақындары мен жыраулары көзқарасындағы азамат тұлғасы туралы көзқарастары

Ұлы ғұламалар мұраларындағы педагог маманның кәсіби тұлғасы туралы идеялары араға көптеген уақытты салып келер ұрпақ еңбектерінде жалғасын тапты. Бұл ол идеялардың өміршеңдігі мен қоғамның қай кезеңінде болсын педагог маман қызметінде сұранысының жоғары болғандығын дәлелдейді. Себебі, педагог маман да адам. Тұлға ретінде ол қызметін атқару барысында өзінің тұлғалық қасиеттерін танытады. Қандай маман иесі болмасын ең алдымен ол адами сапаларын сақтауға тиіс. Бұл ойлар қазақтың ақын-жыраулары мұраларында баса айтылып келді.

Солардың қатарында Шалкиіз ақын да тұлға мәселесін маңызды орынға көтеріп жырлаған. Шалкиіз жыраудың тұлғаның қалыптасуына әртүрлі факторлардың ықпал ететіндігін дәлелдейтін көзқарасы бүгінгі педагогика ғылымында айтылып жүрген тәрбие теориясы тұжырымдарымен астасып, мәні жағынан тең түсіп жатқандығын мынадай өлеңдер қатарымен дәлелдеуге болады: *«Айырдан туған жампоз бар, Жүгін нарға салғысыз. Арғымақтан туған будан бар, Күнінде көрінім жерді алғысыз. Жаманнан туған жақсы бар, адам айтса нанғысыз, жақсыдан туған жаман бар, Күндердің күні болғанда, бір аяқ асқа алғысыз»*, - деп тұлғаның қандай болмағы оның арғы тегіне қарамастан, оның талабы мен еңбектенуіне қарай қалыптасып ерекшеленетінін түсіндіреді. Сонымен бірге, адамның әртүрлі болып өсуімен қатар, олардың жеке қасиеттері мен іс-әрекеттерінің де әртүрлі болатындығын, сондықтан ол ортаның басшысы олардың қабілет қарымына қарап бағалауына болатынын ескертеді.

Бұқар жырау өлеңдеріндегі тұлғаның болмысы оның тегіне

байланысты екендігін *жаманнан жақсы туса, жақсыдан жаман туса, тартпай қоймас негізге*», - деген өлең жолдары арқылы жеткізеді. Бұл бала күнінде қандай болса да өскенде өз ата-анасының болмыс бітімін қайталайтынын айтады. Қазақтың ақын жыраулары тұлға болмысының қалыптасуына көзқарастарын бүгінгі педагогика ғылымының теорияларымен пара пар келетін тұжырымдары арқылы түсіндірген.

Мұндай ойлар мен көзқарастар он тоғызыншы ғасырда өмір сүрген Сүйінбай Аронұлы жырларында да кездеседі. Сүйінбай ақын өзінің жырларында «адам», «адамдық қасиеттер», «тәрбие» түсініктеріне сипаттама беріп, адам бойындағы қандай қасиеттердің адам сипатын анықтайтынын, оның қандай қасиеттерін алу керек, неден жирену керектігін саралап сипаттайды. Оның «жақсы мен жаман адамның қасиеттері» деген өлеңдерінде *«Жақсы жігіт ел жұртының қаласындай, жақсы әйел әмме жұрттың анасындай. Жақсыға ешкімнің де жаттығы жоқ, көреді бәрін де өз баласындай»*, - деп, көпшіл болу, әділ де қамқоршы болу тек жақсыларға тән қасиет екендігін айтады. Бұл нағыз педагог қауымға қаратып айтылғандай талаптарды қанағаттандырады. Осылайша, жақсы адамдармен қарым-қатынасқа түсу де оңай, сөйлесу арқылы тәрбиелік ықпал алып, жадырап қалатынындай айтады. Себебі, бүгінгі күннің талабы кез-келген ортада тіл табысып, көпшіл болып сыйысып кету, ортақ тіл тауып жұмыс істеу керектігі бәсекелестікке төтеп берудің бір қыры іспетті.

Сонымен қатар, жақсы жігіттің қашанда өз ағаңдай қамқорлығын сезінесің, сөзінде тұратын, адалдығы мен өзгелерге шапағатын тигізіп жүреді. Оның мұндай пайдалы кеңестерін барша жұрт пайдаланады, әйтсе де, көзі соқыр, көкірегі қараңғы адамдар соның өзінде дұрыс жолын таба алмай адасып жүреді дегенді айтады. Ол туралы көзқарастары: *«Жақсы жігіт сөзіне сақ тұрады, қыранның қырдан байқар баласындай. Жаман парқы жақсымен бірдей емес, жақсы жігіт елінің ағасындай. Жақсының сөзін әркім пайдаланар, Миуалы алма, өріктің ағашындай, Жаманның көкірегі- көр, көзі -соқыр, жүрер жолдан тал түсте адасып -ай»*, - деп жырға қосады. Бұл бүгінгі педагогика ғылымындағы тәрбие үрдісінің екі жақтылық сипатын

аша түседі. Өйткені, тәрбиені ұғып, ниет етіп отырған бала өсиет пен өнегелі насихатты құлағына құйып алып, өз әрекетінде басшылыққа алса, кейбір тәрбиелік насихатты қабылдамай бос әуре етер жастардың да баршылық екенін қынжыла айтады.

*«Жақсы адам елдің басшы серкесіндей, жұғымды болар елге еркесіндей, жақсының жүзі жылы, сөзі майда, халқымның қалың жүнді көрпесіндей. Жақсы болар баланың жүзі жақсы, Орыстың күймей піскен бөлкесіндей, жақсыға үлкен кіші бәрі жақсы, жасынан бірге өскен еркесіндей»,* - деп тұлғаның жақсы қасиеттері оның мінез-құлқы мен жүзінің жылылығынан көрініп тұратынын айтады. Сонымен қатар қалың қазаққа ақын жаман мен жақсының арақатынасын ажыратып береді де, таңдау өздерінде деп ой салады. Міне осындай көзқарастары арқылы жақсы жақсыға үйір, жаман жан жауыздықтан қашпайтынын айта келіп, жаманға тән қасиеттерге өсек-аяңға құмар болу, жалқаулық пен өзгенің жетістігіне қызғанышпен қараушылық секілді қасиеттерді тән деп көрсетеді.

Әрине, мұндай өсиеттер мен насихаттарды бүгінгі жастар мен студенттер арасында тәрбиеде басшылыққа алу олардың ұлттық болмысы мен мінезін қалыптастыруда оң нәтижесін берері сөзсіз.

Қазақ халқының біртуар перзенттері алаш қайраткерлерінің педагогикалық мұраларында да ұлттық тұлға қалыптастыру идеялары кеңінен насихатталады. «Адам өзін-өзі білу арқылы өзгені де танып біледі, өзін өзгенің орнына қойып, адамдардың қуанышы мен қайғысына ортақтаса алатын қасиетті меңгереді. Ондай жағдайда адамдар өзгеге де, өзіне де жамандық істеуге болмайтындығын жете түсініп, адамгершілік қасиетін бойында ұстайды. Ондай дәрежеге жету жолында өзгені танып білу үшін ол әрине «білімді болуы керек, білімді меңгеру үшін оқу керек», бірақ ол «жалаң білім ештеңе бермейді, ол қайта адамды бұзады. Тұлғалық қасиеттер арқылы жеке тұлғаны қалыптастыру дегеніміз оны мәдениетке үйрету, білім, білік, қарым-қатынас ережелерін, әлеуметтік тәжірибені меңгерту. Ұлттық көркем өнермен, әдебиетпен, ғылыммен айналыстыру, адамгершілік құндылықтар жүйесін ұғына білуге, сөйтіп жеке бастың тәжірибесін үздіксіз байытып отыруға себін тигізу. Мәдениетке

араласу, сайып келгенде, адамның шығармашылық дамуы деуге де болады.

Адамның тұлға ретінде қалыптасу процесінде өскен ортаның, тәрбиенің рөлі үлкен. Осы тұста қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаев әркімнің өзін-өзі жүйелі түрде тәрбиелеп отыру керектігіне айрықша көңіл бөледі. Өзінің «он бесінші қара сөзінде» ол: «Егер есті кісілердің қатарында болғың келсе, күніне бір мәртебе, болмаса жұмасыңа бір рет өзіңнен өзің есеп ал. Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өміріңді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізгісің? Жоқ болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыппысың?»-дейді.

Ұлы Абай мұнда: «Өз өміріңе өзің сын көзбен қарай біл, қажетсіз іс-әрекеттен тыйылып, пайдалы іс істеуге дағдылан, сонда ғана «есті адам» бола аласың», - деп адам өміріне үлкен мән береді және тұлғалық сапаларды жетілдіріп отырудың жолдарын көрсетеді.

Адамның қалыптасуына қоғам қандай әсер етсе, қоғамдағы болатын және болып жатқан құбылыстарға адамның да әсері соншалықты. Адам – қоғам дамуындағы шешуші фактор. Ол өзінің тыныс-тіршілігі, өмірге араласуы арқылы қоғамды елеулі, тіпті шешуші өзгерістерге ұшыратады, адам қоғам өмірінде жасампаздық қызмет атқарады. Осы орайда, ерте дәуірдің ұлы ойшылы Платон өзінің «Республика» деген еңбегінде әр түрлі адамдардың өмірге көзқарасы мен бағытын қоғам дамуына байланыстыра қарастырып, шын мәнінде, оның көптеген қасиеттері қоғам өмірінің дамуына белсене араласуымен сипатталатынын жазады.

Ұлы Абай да өзінің қара сөздері мен өлеңдерінде сөз сөйлеу өнерінің қандай дәрежеде меңгерілуі керектігін айтқан. Жалпы қазақ халқы мағыналы сөз сөйлеу мен шешендік туралы көп айтқан. Оған аса бір мән берген. Оған дәлел ретінде «Көп нәрсенің қадірі болмайды», «Қанша көп сөйлесең, сонша аз айтасың», «Көп сөйлеген езбе болады, көп қыдырған кезбе болады», «Көп сөйлеген я жолдасынан, я құрдасынан айырылады», «Жақсы байқап сөйлейді, жаман шайқап сөйлейді», «Сөз қуған – бәлеге жолығады», «Бір жақсы сөз мың сөгістен

артық», «Жақсы сөйлеген – ас жер, жаман сөйлеген – тас жер», «Жақсының сөзі – назалы, жаманның сөзі – ызалы» деген мақалдармен сөйлеудің алуан түрлі сипаттары бар.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Қазақтың ақын-жыраулары мұраларындағы маманның кәсіби тұлғасы оның адами болмысына тікелей байланысты болатындығын дәлелдеңіз.

2. Маманның тұлғасының қалыптасуына әсер етуші факторларды дәлелдейтін жырлар қатарын ақындар сөзімен дәлелдеп түсіндіріңіз.

3. Қазақтың ақын-жыраулары көзқарасындағы педагог-ұстаз болмысын суреттеңіз.

4. Тұлға өзін-өзі дамыту үшін қандай әрекетте болуы керектігін Абай көзқарасымен сипаттап түсіндіріңіз.

5. Ақындар көзқарасындағы тұлғаның «жақсы» және «жаман» сапалары туралы пікіріңізді білдіріңіз.

6. Қазақ ақындары көзқарасындағы маман мен тұлға сапаларының талаптарын бүгінгі күн өміршендігімен дәлелдеңіз.

## **2.2 Ж.Аймауытовтың мұраларындағы мамандық таңдау мен маман тұлғасы туралы көзқарастары**

Ұлы ғұламалардың көзқарасындағы ұстаздық еткен адамның тұлғалық сапалары туралы ойлары кейінгі ұрпақ өкілдері мұраларында тамаша сабақтастық тапқан.

Нақты айтар болсақ, қазақ зиялыларының бірі Ж.Аймауытов еңбегінде жастардың кәсіп таңдауы мен оның кәсібіне сай тұлғалық қалыптасуы туралы көзқарастары сабақтастық тапқан. Сондықтан, Ж.Аймауытов еңбегіндегі маманның кәсіби қалыптасуындағы маңызды факторлар туралы пікірі мен оның ұлттық тұлғаларымыз көзқарасымен сабақтастықта айтқан ой-пікірлері бірін бірі толықтыра түспек.

Ж.Аймауытовтың мұраларын зерделеу арқылы тұлғаның өміріндегі маңызды да шешуші қадамдарының бірі оның мамандығымен байланысты екендігін ұғамыз. Сонымен қатар, ақын сол заманның өзінде кәсіп таңдау мен ол қызмет аясында

еңбек етудің халыққа тигізер пайдасының болуын заманмен және адамзат құндылықтарымен тікелей байланыстырады. Ақын көзқарасының дәл бүгінгі күн сұраныстары мен қайшылықтарына сай келіп жататын тұстары көп-ақ.

Атап айтқанда, Ж.Аймауытов қоғамда болып жатқан құбылыстарға талдау жасай отырып, мамандыққа қатысты адамдардың таңдауы мен іс-әрекетінің нәтижесін олардың өз кәсіптеріне лайықты болу-болмауымен байланыстырады. Ж.Аймауытов әлеумет тұрғысындағы зор кемшіліктің бірі әлеуметтік мүшесі, әр адам «өз орнында» қызмет етпеуі, - деп айтады. Бұдан шығатын қорытынды, мамандықты дұрыс таңдамай еңбекке араласқан адамның қызметінің пайдалы тұстарынан көрі зиянының көбірек болатынын ескертеді. Оны мынадай қатарлар арқылы дәлелдейді: «Кісі іштен туғаннан-ақ белгілі бір өнерге, кәсіпке, қызметке икем болып туылады. Басқаша айтқанда, әр адамда бір нәрсеге талап, ыңғай, қабілет яки зеректік болады. Бір бала оқытуға, біреу етік тігуге, біреу әкім болуға, біреу мал бағуға, біреу әскерлікке, біреу жазушылыққа, біреу дәрігерлікке, біреу саудаға, біреу сөзге, біреу дауға ыңғайланып жаралады. Өмірде түк жұмысқа икемі жоқ адам сирек болады. Ең болмаса өтірік айтуға зерек болып жаралады. Кімде – кім өз ыңғайымен, өз жолымен жүріп қызмет етсе, ол өзіне де, әлеуметке де пайда келтіреді. «Өз орнында» қызмет істеген адамның жұмысы да өнімді, берекелі болады. Қайғы сол: өз жолын тез тауып алатын адам сирек кездеседі. Адамның көбі ана жолға, мына жолға бір түсіп өмір бойы өз соқпағын таба алмай, сенделумен өтеді», - деп адам баласын жастайынан оның бойындағы кәсіби икемділігіне байланысты тәрбиелеп, оны оқыту мен еңбекке баулуда оның болашақ кәсіби бағдарын ескеріп кеңес беруді ұсынады.

Мұндай жайттар қоғамның бүгінгі жағдайында ерекше байқалады. Олай дейтініміз, жастар бірнеше мамандықты игереді, оның өзі олардың кәсіби тұрғыдан өз орнын таппай жүргендігінің бір айғағы емес пе? Адамның өзін тануы, соған сай өз жолын табуы өте қиын. Бұл қиындық әсіресе жастардың басында жиі кездеседі: олар тәжірбиесіз, олардың көңілі мен ойы құбылмалы, толқымалы, сондықтан өзін сынай алмайды. Жастар өздерін қай



жолға түсерін білмей дағдарады.

Сонымен қатар, Ж.Аймауытов көзқарасында ұстаздық кәсіп туралы да өз айтары бар. Ол мамандық туралы былай дейді: «Жақсы оқытушы болу үшін ілтипатты, тұрақты, пейілі кең, мінезі салмақты, ұстамды болу керек. Шәкірттерінің қылт еткен қылығын байқап, жауабына әзір болу керек», - деп ұстаз тұлғасының негізгі қасиеттерін атап көрсетеді. Осындай пікірлер кезінде түріктің ұлы ғұламасы әл-Фараби еңбегінде де айтылған болатын. Онда ғұлама: «Ұстаз бен шәкірттің қарым-қатынасы тым қатал да, тым жұмсақ та болмауға тиіс», - деп айтуы педагог өз өнегесімен оқушыларына үлгі боларлықтай салмақты да қалыптан аспайтын шаманы ұстануын ескерткен еді. Міне, қазақ зиялылары көзқарасы да өз заманына лайықты ұстаз мінезін сипаттауда идеялар сабақтастығымен көрініс тауып отыр.

Ж.Аймауытов бір іске олақ, ешнәрсеге икемсіз, бір істі бастап, аяқтамай тастап кететін де адамдардың болатынын айтады. Мұндайлар толық адам емес деп есептейді. Бұлар дауыстың өзі емес, жаңғырығы іспетті дейді. Бұлар қай ортаға кез келсе, сол ортаның жағдайына ыңғайланып жүре береді. Өз ойынан шығаратын өзіндік өнері мен көзқарасы болмайды. Олар есекке қосақталса да, атқа қосақталса да сол ортаға үйір болып кетеді. Тура жолына түсуге адамды табиғаты тура жетектей бермейді және адамның жетілуі де дәйім бір бағытпен жүре бермейді деген пікір білдіреді.

Адамның қабілеті, икемдігі жетілуге, я болмаса жетілмей кешігуге өзінен болмаған сыртқы шарттардың ықпалы бар. Бұл күнде адамның қызмет таңдауына сыртқы жағдайдың салмағы күшті, - деп қоғамның бүгінгі даму жағдайындағы жастардың өз қабілеттеріне емес, мамандықтың мәртебесі мен табысына қарай таңдауға ұмтылуын меңзегендей.

Шындығында да бүгінгі заманда көптеген жастар өз қабілеттері мен кәсіби икемділіктеріне қарап емес, мамандықтың мәртебесі мен ертеңгі қызметіне, қала берсе табысына қарап таңдайтын жағдайлар де кездеседі. Осы тұста Ж.Аймауытов мынадай да пікір білдіреді: «Әр адам әлеуметке мүше болғандықтан, әлеумет ісіне көмектес болуға міндетті. Көмектес болу үшін кәсіп таңдау керек. Бұл күнгі сот, қазына, дәрігерлік

және т.б. оқитын жастардын көбісінің ойы әкімдік, комиссарлық. Олардын ішінде әкімдікке таланты бары да жоқ емес, бірақ өнері қысқаннан ұмтылып жүр деуге тым көп. Анығында бұл бір жұқпалы селебе дерт болу керек. Қазақ айтады: «Бәрін бірдей қойшы болсаң – құл боласың, бәрің бірдей тойшы болсаң – жын боласың» дейді, - деген пікірі арқылы кәсібінен нанын тауып жейтін мамандық таңдаудың маңыздылығын ескертеді.

Ж.Аймауытов психология саласында да өзіндік пікірі мен ізін қалдырған ғалым. Оның «Психология» деп аталатын кітабында балалардың іс әрекетінде олардың психологиялық ерекшеліктері мен табиғи нышандарының маңызды орын иеленетінін айтады. Сондықтан, жастардың мамандық таңдауында да олардың психологиялық ерекшеліктерін басшылыққа алуды кеңес береді. Онда адамда кездесетін төрт типті темперамент жастардың қызметін ұйымдастыруы мен атқаратын іс- әрекеттерінде өзіндік тиімділігін берері анық деп біледі. Мысалы,

*-сангвиник* – еті тірі, қозғалғыш, тұрлаусыз, әсерленгіш, тез қызынып, тез суынғыш, жеңіл ойлы, бір беткей, ұзақ қызметке шыдамсыз. Мұндай адамдар ұзақ уақыт бір орында тапжылмай отырып жұмыс істейтін және аса бір сабырлылық пен шыдамдылықты талап ететін мамандықтан жалығатын болады. Олардың таңдаған мамандықтары әр алуан әрекеттерді қамтитын және өз бағдарына байланысты қызығушылығымен де сәйкес келетін болғаны абзал.

*Меланхолик* – табанды, алған әсері көпке шейін басылмайды. Ол сангвиник тәрізді емес, оңашаны сүйеді, көпшілікті қаламайды; ол қиялдауға икемді боп тұрады: бірақ сангвиник сықылды іске жігерсіз, қабілетсіз келеді. Меланхоликтер көп сезеді, көп қиялданады, аз істейді немесе өзін сыртқа шығара алмайды. Олардың ақылынан да, қайратынан да сезімі басым болады. Мұндай адамды көбіне өзімен өзі отырып жұмыс істейтін әрекеттермен байланысты кәсіп таңдаған дұрыс болады. Тыныш жерде өз қызығушылығы бойынша тек өзіне ғана байланысты тірліктерді орындайтын мамандық қолайлы болады. Себебі, олар көпке кіре бермейді, көпшілік алдында өздерін

қолайсыз сезінетін болғандықтан, олар көбіне басшы емес, орындаушылық қызметті ұнатады.

*Холерик* – тез қызады, іске икем тұрады. Ісінде жігерлі. Ашуы қолында болады. Философ Кант ол кейіпкерлерді: «Құрмет сүйгіш, өзінің «мендігін» алға қойғыш, төңірегін көтермеші нөкерлермен толтырғыш, жүйелі ой қызметіне қабілетсіз» деп суреттейді. Мұндай темпераментті адамдар үнемі ұйымдастырушылықпен, жүгіріп жүріп іс қимылдағы белсенді жұмыстармен байланысты мамандықты таңдағаны дұрыс болатынын айтады.

*Флегматик* – аса баяу қызады. Ондай адамды еліктіру, қыздыру өте қиын. Күллі жан ағымдарының бәрі де шабан. Шабандық оның айрықша белгісі. Іске қабілеті шамалы. Ондай адам бір қозғалып, іске кірісіп кетсе, сол бетінде бірталайға шейін табанды қызмет етеді. Оныкі өздігінен тауып алғандықтан емес, түскен бір жолында жұмыс ете беруден туған қызмет. Жүріп келе жатқан жолын тастап, тыңнан жол тауып алуға ондай адам икемсіз болады.

Міне, осылайша балалардың темпераментіне байланысты мамандық таңдау жасау да өз тиімділігін берері анық.

Педагогикалық қызмет басшылық қызметпен де байланысты. Себебі, оқушылар ұжымын басқара білу, олардың әрбірімен тіл табыса отырып, оларды дегеніне көндіру, олар әрекетін ұйымдастыруға ықпал ету көптеген қасиеттердің болуын керек етеді. Басшы болуға қандай қасиет керек? Қандай қасиеті болмаса басшылық қызметті атқаруға жарамайды? Басшыға керекті басты қасиеттер мыналар болуы керек: күшті қайрат, кейде үздік жетілген қайрат, өз бетімен ойлау, өздігінен істей білу, кейде кенеттен ұшыраған жұмысқа тез жол тауып, айла құрып, шығыс табу.

Өзгелерге бұйрық беріп бағындыра білуде тағы да түрлі қасиеттер керек. Азды-көпті көсемдігі мен бастамашылдығы, тапқырлығы, қызметке құнттылығы, батылдығы, тәуекелшілдігі, ұстамдылығы, шыдамдылығы болмаса, жақсы басшы бола алмайды, әрине жалғыз шыдамдылық та жетпейді. Бірақ шыдамдылықтың бірі өзіне-өзі сенімділік, жаңылып кетем бе, жоғары ұлықты ренжітіп алам ба деп өзіне-өзі сенбей қорқа берген басшы берекелі іс шығара алмайды. Қызметке қызу

наным, өзіне ықтихат ықпал жүргізудің бір шарты. Наным мен қызулық, (желік) қатар жүреді. Қызу ықтихаты бар адам көпті ұйытып әкетеді. Адам өзі ден қоймаған нәрсеге өзгені еліктіру мүмкін емес,- деген пікір білдіреді.

Осы тұста Ресей ғалымы Н.Щуркова да өз пікірін былай білдірген болатын: «Бүкіл адамдарды педагогикалық кәсіп таңдау тұрғысынан алғанда педагог бола алатындар мен педагог бола алмайтындар деп екіге бөлуге болады дейді. Адамға деген мейірімділігі мен жанашырлығы бойынан табылған адамдар педагог мамандығын таңдаса, онда жақсы ұстаздыққа жете алады, ал адамға деген жанашырлық болмаған адамдар педагогикалық қызметті атқаруы мүмкін, алайда балалар бойында адамгершілік сезімді ұялата алмақ емес», - деген. Олай болса, педагогикалық мамандықты таңдау алдында олардың темпераментін, адами сапаларын, қызығушылық бағыттары мен икемділік қасиеттерін ескеру немесе әртүрлі әдістер арқылы айқындау болашақ мамандар даярлау жүйесінде жоғары сапаға алып келмек.

Сонымен, жоғарыда көрсетілген ұлы ғұламалар мұраларындағы маманның кәсіби тұлғасының сипаты ең алдымен маманның өз мамандығына деген қызығушылығы мен икемдігінің, кәсіби бағыттылығының болуы арқылы таңдау жасауы керектігін қажет етеді. Сонымен қатар, педагог мамандығын таңдаған маман ең алдымен тұлға ретінде адамды сүйетін болуы, адамдармен қарым-қатынас жасайтынын және сол жолдағы әрекеттер мен қызметтерді ұйымдастыруда күзіретті болуын қажет етеді. Бұл, бүгінде педагогика ғылымында да мамандар бойында қалыптастыруды керек ететін талаптар болып отыр.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Ж.Аймауытов көзқарасындағы мамандық таңдаудағы басты қасиеттерді атаңыз.
2. Ж.Аймауытов тұжырымдауы бойынша мамандық таңдауда адамның психологиялық ерекшеліктерін ескерудің маңыздылығы туралы түсіндіріңіз.
3. Ж.Аймауытов көзқарасындағы маманның «өз орнында қызмет етпеу» түсінігінің қоғамдық мәнін түсіндіріңіз және оның бүгінгі қоғамдағы өзектілігін сипаттаңыз.

4. Ж.Аймауытовтың тұжырымдауы бойынша мамандық таңдаудағы қабілеттіліктер пен икемділікті ескерудің пайдасы туралы айтыңыз.

5. Ж.Аймауытов көзқарасындағы маманның кәсіби қалыптасуы туралы тұжырымының бүгінгі таңдағы өзекті екендігін дәлелдеңіз.

### **2.3 Мағжан Жұмабаевтың педагог маманның кәсіби сапалары туралы көзқарастары**

Мағжан Жұмабаев өзінің қысқа өмірінде нағыз поэзия биігіне самғаған, біртуар, әмбебап зиялы қайраткер болды. Оның қаламынан көптеген әңгімелер мен мақалалар, оқу құралдары мен оқулықтар жарық көрді. Солардың қатарында оның тәлім-тәрбие ғылымының теориялық жағына үлкен үлес қосқан "Педагогика" деп аталатын еңбегі болды.

Осы кітап жайлы сол заманның көрнекті зиялыларының бірі - белгілі ғалым-педагог, публицист М.Жолдыбаев былай деп жазды: "Заманға дәл жаңа кітап шыққанша малданып", одан кейін оқып, салыстыра қарап, бұны жазғандардың адасқан жерін тауып отыруға Мағжан педагогикасы іздесе таптырмайтын пайдалы тарихи материал болды".

Бұл кітаптың мазмұнында М.Мұмабаев педагог маманның кәсіби қызметінде білуге тиісті және ескеруге міндетті талаптарды атап көрсетеді. Ол тәрбие ең алдымен отбасында бастау алатындығын ескере отырып, ата-аналарға арналған кеңестер береді. Әйтсе де, отбасы тәрбиесін жетілдіруде педагог маманның қызметі жоғары жауапкершілікті керек ететіндіктен барша ұсыныстарын мұғалім қызметімен байланыстырып, ұстазға қаратын баяндайды.

«Педагогика» кітабын ұстаздың әлеуметтік ортадағы статусын айқындап беруден бастайды ақын. Ол: «Алты алаштың перзенттерінің басын қосып, жайғастырып отырғызатын болсақ төргі орын мұғалімдікі болуға тиіс» деген пікірін айтып, мұғалім еңбегінің ұрпақ тәрбиелеудегі салмағын жоғары бағалайды.

Оқу құралының бірінші бөлімі педагогиканың жалпы

мәселелеріне арналған. Оның пікірінше, тәрбиені жан тәрбиесі мен тән тәрбиесі деп бөліп алып, қарастырады. Жан тәрбиесіне рухани құндылықтар арқылы адам баласының мінез-құлқы мен көзқарасын, дүниетанымы мен мәдениетінен көрініс табатын сапаларын қалыптастыруды міндеттейді, ал тән тәрбиесіне оның қимыл-әрекеті мен денсаулығы арқылы көрініс табатын сапаларын айтады. Бұл қасиеттер бір-бірімен байланыста адам баласының кемелділігін танытып тұлғаның тұтас болмысын көрсетеді.

М.Жұмабаев педагог маманның кәсіби қызметіндегі қолданар басты құралы сөйлеуі болғандықтан, оның сөз саптауы мен сөздік қорының бай да мағыналы, тартымды болуын басты назарда ұстайды. Қазақ халқының «Жылы жылы сөйлесең, жылан іннен шығады» деген аталы сөзін ескерер болсақ, ұстаз да балалар көңіліне жол табу үшін жылы сөзі мен мейірімді қабағын пайдаланады. Сөздік қорының бай болуы педагог қауымымен қоса бүкіл ұлтқа қажетті қасиет екенін ақын: «Ұлттың тілінің кеми бастауы, ұлттың құри бастағаны», - деген сөзі арқылы ұлт өкілдерін тәрбиелеп шығаратын педагог қауымның ең алдымен өздерінің сөзге шешен болуын қажет деп біледі. Ойын еркін, тартымды жеткізе білетін адам ғана балалар ортасында ой сала алады және балалар ойын дамытуға түрткі жасай алады. Сондықтан, ақынның көзқарасы бойынша педагог маманның ең бірінші кәсіби сапасы тіл байлығының бай да шешен болуы деп біледі.

М.Жұмабаевтың көзқарасы бойынша педагог маманның бойынан табылуға тиісті тағы бір кәсіби сапасы оның жақсы мінезінің болуы деп ұғатындығы. Оны мына бір айтқан сөзінен аңғарамыз: "Ата-ана қатал болса, бала да қатал, ата-ана жұмсақ болса, бала да жұмсақ. Сондықтан баланың маңындағы адам дұрыс мінезді болуы керек. Қазақтың қаны бір, жаны бір жолбасшысы - мұғалім. Тәрбиенің табансыздығын сезсе, бала онымен сөйлесуден, тілін алудан қалады». Міне, осылайша, ақын ұстаз мен ата-аналардың өз жеке бастарының өнегесі мен балалармен қарым-қатынастағы мінез-құлқы тәрбиенің кілтіне апарар жол іспетті екендігін меңзейді. М.Жұмабаев тәрбиеде қоғам талаптарын ескере отырып, әлеуметтік ортаның ықпалы мен сұранысын ескеруді тәрбиешілердің естен шығармауын ұсынады. Өйткені,

әрбір адам өз заманына лайықты болып қалыптасуы тиіс. Ол үшін ұстаздар қауымы мен ата-аналар осы қоғам сұранысын білуі және баланы қоғамдық қарым-қатынастар жүйесіне сай етіп тәрбиелеуі қажет. Осы тұста ақын: «Әрбір ата-ана өз баласын дәл өзіндей етіп тәрбиелемеуі тиіс, өзінен де мықты етіп тәрбиелеуі тиіс. Өйткені, балаларының заманы ата-аналар өмір сүріп отырған заманға қарағанда әлдеқайда талапшаң болмақ», - деп айтады. Шындығында да әрбір бала өз ата-анасынан асып түсуі тиіс, сонда ғана өз заманына лайықты өмір сүре алады. Осылайша М.Жұмабаев тәрбие мақсатын келер күн талабымен ұштастырғысы келеді. Оның туған халқының тәлім-тәрбиелік бай мұрасын игеру жөніндегі бағыт-бағдары да құптарлық. "Ұлт тәрбиесі, ол баяғыдан сыналып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс деп біледі. Ұстаз сол ұлт тәрбиесімен жастарды тәрбиелеуге міндетті". М.Жұмабаев халық тәрбиесін қастерлей отырып, оны да жұрт талқысынан өткізіп қабылдаудың қажеттігін ескертеді. Себебі, «Талай нашар, зиянды әдеттер әрбір ұлт тәрбиесі ішінде толып жатыр», - дей келіп, автор тәрбиешінің педагогикалық шеберлігін ұштау мәселелеріне ерекше мән беру керектігін айтады.

Педагог қызметінің басты мақсатының оқушыларды тек білімді меңгеріп қана қоюмен шектелмейтіні, сонымен қатар жақсы мінез-құлықты бойына сіңіріп қана қою да емес екендігін айғақтайтын ойлар кездеседі ақын көзқарасында. Жасыратыны жоқ кейбір мектепте үздік оқыған балалардың арасынан кейде мектеп бітірген соң қоғамда өз орнын таба алмай қалған балалар да кездесіп жатады. М.Жұмабаев мектепті балаларға тек білім беруші мекеме емес, үлкен өмірге бағдарлаушы орын болуға тиіс деп санайды. Ғалым-педагог өзінің барлық еңбектерінде осыны басшылыққа алады. Бастауыш мектепті бүкіл білімнің алғашқы баспалдағы ретінде қарап, кейінгі сатылардағы алатын білімдерінің тиімділігі осы жылдардағы оқытуды ұйымдастырумен тікелей байланысты деп санайды. Ол мектептегі оқу мен білімнің еңбекпен ұштасуын қолдады, мектепте берілетін білімнің өмірге жақындау, үйлестіру жолы ретіндегі құндылығына назар аударды.

М.Жұмабаев оқыған адамның білімді құшақтап қалып,

тұрмыста жарамсыз болып шықпауын өз көзқарастары арқылы білдірді. Бұл өз кезегінде Қазақстан Республикасының білім бағдарламасында: «Біз балаларға ең алдыңғы қатарлы ғылыми ақпараттар мен білімді беру үшін көптеген реформалар жасаймыз, білімді жақсы есте сақтау үшін ең тиімді әдістер мен технологияларды пайдаланамыз. Бірақ, сол білімдерді меңгерту-дегі басты мақсатымыз ең алдымен адам тәрбиесін жүзеге асыру екендігін ұмытпауымыз керек», -деп айтылған еді. Бұдан шығатын тұжырым, білімді меңгерудегі мақсатымыз адам капиталын байыту арқылы оның маман ретіндегі кәсіби сапасын арттыру және тұлғалық болмысын кемелдендіре түсу екендігін ұғуымыз керек. Ақын М.Жұмабаев осы ойды жақсы түйсінген және ол үшін оқу үдерісінде балаларды олардың жас ерекшеліктеріне қарай қалай оқыту керектігі туралы да ойларын бөліскен.

М.Жұмабаев педагог баланы тәрбиелегенде немесе оқытқанда оны табиғатынан тыймай іс-әрекеттерді ұйымдастыруы тиіс дейді. Бала табиғаты дегенде Мағжан Жұмабаев мынадай сапаларды айтқан:

- бала үнемі еліктемпаз болғандықтан, оның қоршаған айналасы мен қарым-қатынас жасайтын ұстаздары және құрдастарының мінез-құлқы, әрекеттері жағымды болуға тиіс. Немесе баланың көзінше жаман әрекеттер жасамау және жаман сөз айтпау керек;

- баланың үнемі тынымсыз әрекетте болуы оған тән болғандықтан, одан тыйып тастамау керек. Яғни бала жүгіреді, сөйлейді, сұрайды, шулайды, қозғалыста болады және т.б. әрекетте болады.

Сондықтан, баланың оқу-тәрбие әрекетін ұйымдастырғанда осы сапаларын ескеру маңызды. Ойын әрекеттерін, жарыстыру әрекеттерін қолдану тиімді болмақ. Сонымен қатар, баланың психологиялық ерекшеліктерін де ескерудің маңыздылығын айтады.

Мағжан еңбегінде баланың ішкі сезімдерінің ерекшелігі мен оны оң бағытқа тәрбиелеу жолдары терең ғылыми тұжырымдармен пайымдалған. Ол ішкі сезімдерді тәрбиелеудің басты мақсаттарын белгілейді. Олар: тек жақсы пайдалы нәрседен ләззат алуға үйрету, жақсыны көрсетіп, жақсыны естірту,



айналасына кайырымды болып, каталдықтан, күншілдіктен сақтандыру. Бұл талапты ең алдымен ата-анаға одан соң тәрбиешіге қояды.

Мағжан құлық сезімдерінің анасын сүюден басталып, өз елін сүюінің бүкіл адамзатты сүю сезіміне алып баратын ізгілікке негізделген тәрбиені мақсат еткен. Ол жөнінде: "Адам өз халқының адамдарын сүюмен қатар, басқа халықтардың да адамдарын сүюге міндетті... Бұл адамның жаратылысындағы негізгі мінез" - дейді.

М. Жұмабаев — бір адамның барлық ісін басқа адамдардың істерінен айыратын сипаттарды мінез деп атап, баланың тұрақты мінезін тәбиелеу үшін тәрбиешінің алдына мынандай талаптар қояды;

- балаға үйрету барысында тәрбиешінің өзі табанды болу керек. Себебі, тәрбиешінің табансыздығын сезсе, бала оны сыйлаудан, тілін алудан қалады, тәрбиеші тиянақты болса, тиянақтылыққа еліктейді. Тәрбиеші балаға ерінбей, жалықпай балаға әрбір істің себебін ұқтыруы керек. "Тәрбиеші баланың қаһарлы қожасы болмасын, жұмсақ жолдасы болсын", - дегенді айтады.

Балаға тәрбие қылғанда әрбір тәрбиешінің алдымен қолданатын жолы — өз тәжірибесі. Яғни бала күнінде өзі қандай тәрбие алған, һәм балаға өзі бұрын қалай тәрбие қылған, міне, осы жолмен жүреді. Әрине, бұл жолды тіпті қисық жол деуге болмайды. Қисық болу былай тұрсын, тәрбие туралы әрбір тәрбиешінің өз тәжірибесі аса қымбат нәрсе. Адамның өз тәжірибесі — жүріп кеткен жолы. Ол жолдың жақсы-жаман жағы көз алдында сайрап тұр, естігеннен көрген анық. Бірақ бұл, әркімнің өз тәжірибесі қанша қымбат болғанымен, қатесіз жол деуге болмайды. Бір адамның тәжірибесі тым тар, тым бір беткей тәжірибе. Тәрбиешінің өзіне қолайлы болған жол тәрбие қылатын балаға қолайлы болмасқа мүмкін.

Педагогикалық-психологиялық тұрғыдан педагог қарым-қатынасы балаға дұрыс әсер етуі үшін педагог мінезі салмақты да тұрақты болуға тиіс. Сондықтан, әрбір педагог салауатты өмір салтын ұстануы тиіс. Өзімізге мәлім — дене сау болса, жанымыздың ісі де сау, жақсы болады, яғни ақылымыз түзу, мінезіміз дұрыс, қайратымыз берік болады. Егерде денеміз ауру

болса, яки жұмыс қылып шаршаса, жанымыз да ауру, жанымыз да шаршайды. Басқа ауру, мидың ауруы жан ісіне әсер етеді. Нашар ауа басты айналдырып, қанды дұрыс жүргізбей, денеге әсер қылады, жанға барып қол салады, яғни жанның ісі шабандайды, бұзылады. Ой күнгірт тартады, сезім топастанады, қайрат тасиды. Осыдан дене де жанға байлаулы, жан көріністері денеге қатты әсер беретінін көруге болады дейді. Адамның көзқарасы, дауысы, аяқ басуынан жанның қандай күйде екені көрініп-ақ тұрады. Қайғы һәм ойлау денені жабықтырады. Қуаныш адамды күлдіреді, бетке қан жүгіртеді. Сондықтан, педагог тек балаларға қуаныш сыйлайтын адам ғана емес, оларды қуантатын әрекеттерге үйретуші ретінде өзінің де үнемі позитивті ой мен әрекеттерге үйір болуын мақұлдайды.

М.Жұмабаев балалар тәрбиесінде мектеп мұғалімдерінің қаншалықты білімді болып, кәсіби әрекеттерін тиімді ұйымдастыруға тырысқанымен, отбасы тәрбиесінде ата-аналардың әрекеттес болуының маңыздылығын ескертеді. Педагогикалық процесс тұтастықта жалғасын табуы үшін отбасындағы тәрбие де мектептегі тәрбие талаптарымен астасып, сабақтастық табуы керектігін айтады. Сондықтан, отбасындағы тәрбиеде де ата-аналарға педагогикалық кеңестерін береді.

М.Жұмабаев қазіргі замандағы отбасы өмірі мен ондағы өсіп келе жатқан балалар тәрбиесіне жаңаша қарай отырып, оның қазақ халқының тарихи дәстүрлі тұрмысынан өзгеше талап қояды. Мектеп оқушысының жеке бөлмесінің болуы мен оның жеке гигиенасының сақталуын ата-анаға қарата баяндай отырып, тәрбие талаптарын ұсынады. Мұндай түсіндіру жұмыстары мен мәдениеттілікке мектеп мұғалімінің қызметі арқылы қол жеткізудің қажеттілігін айтады.

### **Бақылау сұрақтары**

1. М.Жұмабаевтың «Педагогика» атты оқулығының мазмұнына педагогикалық-психологиялық талдау жасаңыз.
2. Балалар табиғатын оқу-тәрбие үдерісінде ескерудің оқыту технологиясындағы көріністеріне мысалдар келтіріп дәлелдеңіз.
3. М.Жұмабаев көзқарасындағы педагог маманның кәсіби сапаларына сипаттама беріңіз.

4. М.Жұмабаев мұраларындағы ата-аналармен жұмыс жүргізу әдістері туралы көзқарасын сипаттаңыз.

5. М.Жұмабаев көзқарасындағы ұстаз бен оқушы арасындағы қарым-қатынас талаптарына бүгінгі күннің тұрғысында талдау жасаңыз.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Маманның кәсіби тұлғасын қалыптастыруда ұлы ғұламалар мұраларын пайдалану:

1. Ұлы ғұламалар мұраларын бүгінгі таңдағы мамандар даярлау жүйесінде пайдалану болашақ мамандарды бәсекелестікке қабілеттілікке даярлауда және ұлттық тұлғалық келбетімізді қалыптастыруға негіз болады.

2. Ұлы ғұламалардың педагогикалық мұраларындағы маманның кәсіби тұлғасы туралы идеяларын пайдалану қазіргі педагогика мен психология мамандығындағы студенттердің тұлғасын қалыптастыруға қызығушылығын арттырады.

3. Ұлы ғұламалардың педагогикалық мұраларындағы маманның кәсіби тұлғасын қалыптастыру идеялары педагогика ғылымының ұлттық бағытта дамуына оң ықпал етеді.

4. Ұлы ғұламалардың кәсіп, маман мәселесіне, тұлғалық ерекшеліктерге қатысты еңбектері мен өмірлік тәжірибелерін тарихи-педагогикалық тұрғыдан талдау жасау қоғамның өзгермелі қарқынды дамуымен байланысты сұранысынан туындағанын дәлелдейді

5. Ұлы ғұламалардың педагогикалық-психологиялық мұраларындағы маманның кәсіби қызметіндегі тұлғалық сапалары туралы зерделенген идеялар қазіргі заман талабына сай маманды кәсіби қалыптастырудағы ерекшеліктермен: дені сау азаматтың қалыптасуы, ізгілік пен адамгершілік қасиеттерін бойына сіңіру, сөйлеу мен қарым-қатынас мәдениетін меңгеру, маманның кәсіби интеллекті, көшбасшылық сапасы секілді маманға тән қасиеттерді игерумен айқындалады.

6. Бүгінгі ғылымның дамуы барысында зерттелген тұлғаға және маманға қатысты орындалған жұмыстарға қарамастан маманның кәсіби тұлғасын қалыптастыруда ұлы ғұламалар мұраларын негізге алу жеткілікті дәрежеде қарастырылмағандығын көрсетті.

7. Ұлы ғұламалар мұраларындағы маманның кәсіби тұлғасын қалыптастыруға байланысты жинақталған және жүйеленген ой-пікірлерді бүгінгі күннің тәжірибесінде пайдалану жоғары оқу орнындағы «педагогика-психология» мамандығы студенттерін бәсекеге қабілетті маман ретінде қалыптастыру сұранысынан туындайды.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасының 2007 жылы 27 шілдеде № 319-III ҚРЗ бұйрығымен бекітілген «Білім туралы» заңы, Астана, Ақорда және 2011 жылғы 24 қазанында бұйрыққа толықтырулар мен өзгертулер енгізілген № 487–IV ҚРЗ. – Астана: Ақорда, 2011.
- 2 ҚР Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // <http://kz.government.kz>.
- 3 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» стратегиясы // <http://akorda.kz>.
- 4 Түбі бір түркілер / бас редакциясын басқарған Ә.Нысанбаев. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2000. -320 б.
- 5 Нысанбаев Ә. Қазақ философиясы // Егемен Қазақстан. - 2006, қазан 28. – Б. 3.
- 6 Кубесов А. Педагогическое наследие аль-Фараби: дис. ...док. пед. наук. – Ташкент, 1990. – 314с.
- 7 Көшербаева А.Н. Развитие идей гуманизма в педагогическом наследии Юсуфа Баласағуни: автореф. док.пед.наук. – Алматы, 2004. – 245 с.
- 8 Ахметов Т.Ә. Жүсіп Баласағұнидің тәлім-тәрбиелік идеялары: пед.ғыл.канд. автореф.– Алматы, 2003. – 27 б.
- 9 Молдасан Қ.Ш. Жүсіп Баласағұнның педагогикалық мұрасындағы ізгілікті басқарудың негіздері: пед.ғыл.канд. ...автореф.– Алматы, 2009. – 27 б.
- 10 Калиева К.М. Махмұд Қашғаридың педагогикалық идеялары: пед.ғыл.канд. автореф. - Алматы, 2003. – 25 б.
- 11 Сарбасова Қ.А. Қазіргі қазақ педагогика ғылымындағы әл-Фарабидің, Ж. Баласағұнидің,М.Қашқаридің тәлім –тәрбиелік идеялары: пед.ғыл.док. ... автореф.-Қарағанды, 2009. -32б.
- 12 Ибраева К.Ж. Орта азиялық ғұламалардың педагогикалық ой-пікірлерінің қалыптасуы және дамуы (X-XIV): пед.ғыл.док. ...автореф.-Астана, 2009. – 28б.
- 13 Әлсатов Т.М. Қазақ хандығы тұсындағы тәлімдік ойлардың дамуы (XV-XVIII ғғ.) – Алматы: Ғылым, 1999. – 198 б.

- 14 Атемова Қ.Т. Түркі ғұламалары мұраларындағы отбасы тәрбиесі идеяларының қалыптасуы мен дамуы (IX-XII ғ.ғ.): пед.ғыл.док. автореф. - Алматы,2010. -28б.
- 15 Нысанбаев А.Н., Курманалиева Г.К., Коянбаева Г.Р., Кенисарин А.М., Сейтахметова Н.Л. Аль-Фараби и развитие восточной философии. - Астана: Елорда, 2005. – 320 с.
- 16 Касымжанов А.Х. Аль-Фараби. – М.: Наука, 1982. – 128 с.
- 17 Орынбеков М. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанындағы философиялық ойлар. Қазақ даласының ойшылдары (XI-XII ғ.ғ.). – Алматы: Ғылым, 1995. – 160 б.
- 18 Хайруллаев М.М. Абу Наср аль-Фараби (873-950). – М.: Наука, 1982. – 304 с.
- 19 Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ халқының тәлім-тәрбие тарихынан. –
- 20 Молдабекова М.С.Тәуелсіз елге -білікті маман // Қазақстан мектебі. - 2002.-№1,2. – Б. 40.
- 21 Момынбаев Б.К., Жұмаш А. Педагог тұлғасының құрылымындағы әртістік // Ұлағат. - 2008.-№3. – Б. 32.
- 22 Нұрғалиева Г.К. Ценностное ориентации личности: Методология, теория, практика формирования. – Алматы: АГУ им. Абая, 1994. – 44с.
- 23 Пірәлиев С.Ж. Болашақ мұғалімнің әлеуметтік және кәсіби бейімделуінің өзара байланыстығының мәселесі//Ұлт тағлымы. –Алматы, 2001. - №2. - Б.57.
- 24 Оңалбек Ж.К., Бабаев С.Б., Жалпы педагогика: оқулық. - Алматы: Заң әдебиеті, 2006. - 228 с.
- 25 Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты елбасының Қазақстан халқына Жолдауы // Оңтүстік Қазақстан. – 2014, қаңтар – 18. - №7-8. - Б. 2.
- 26 «Қазақ энциклопедиясы» Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы, 1998.- Т. 7.– Б. 153.
- 27 Орысша-қазақша педагогикалық сөздік Айтмамбетова Б.Р., Бейсенбаева А.А. - Алматы: Рауан, 1994. - 63 б.
- 28 Аяғанова Б., Тәжін М.М.Әлеуметтану негіздері. А,1992 – Б. 89-95.
- 29 Қысқаша педагогикалық сөздік. - Алматы, 2003. -184 б.

- 30 Тобагабылова А.Ж., Болашақ мамандардың тұлғалық сапасын қалыптастыру педагогикалық проблема ретінде // Қазақстан жоғары мектебі. – 2012. - №4(1). – Б. 229-233.
- 31 Тәжін Б. Аяганов Б. Әлеуметтану: оқу құралы. – Алматы, 2006. – Б. 92-95.
- 32 Аяғанова Б.. Қазақстан мемлекеттік әлеуметтік жүйе эволюциясы. Алматы., 1993.- Б.-17.
- 33 Психология: Энциклопедиялық сөздік /бас ред. Б.Ө.Жақып. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2011. – 624 б.
- 34 Выгодский Л.С. Педагогическая психология.- М.: Педагогика, 1991.-479с.
- 35 Құнанбаев А. Шығармалар:екі томдық. –Алматы: Жазушы, 1977. – Т.1. –Б. 35.
- 36 Философиялық сөздік /Нұрғалиев Р.Н., Ақмамбетов Ғ.Ғ. Алматы: Рауан, 1995. –Б .137.
- 37 Кубесов А. Әл - Фарабидің ашылмаған әлемі:көмекші оқу құралы. - Алматы: Санат, 2002. - 176 б.
- 38 Жамирова У. «Жүсіп Баласағұнның "Құтты білік" дастанындағы халықтық педагогика негіздері»: пед. ғыл. канд.... автореф. - Алматы, 2007.-28 б .
- 39 Көшербаева А. Мырзахметов М., Баласағұнның «Құтты білік» дастанының мәні //Қазақстан мектебі. – 2004. – № 7. – Б.34-36.
- 40 Ибраева К. X-XIVғғ. Қазақстандағы педагогикалық ой-пікірлердің дамуы. Монография. –Астана, 2005.-266 б.
- 41 Ахметов Т.Ә. Жүсіп Баласағұнның тәлім - тәрбиелік идеялары: педагогика ғыл.канд... автореф. 13.00.01. - Астана, 2003. - 29 б.
- 42 Мырзахметов М. Жүсіп Баласағұн // Сөнбес жұлдыздар. - Алматы, 1989. –Б.215 - 225.
- 43 Молдасан Қ. Жүсіп Баласағұнның педагогикалық мұрасындағы ізгілікті басқарудың негіздері: пед.ғыл.док. дис. - Алматы, 2009.-Б. 87.
- 44 Аронұлы С.Жақсы мен жаман адамның қасиеттері// Өнегелі өмір иелері. – 1984-. Б.82

- 45 Абдіқадірова Т.Р. Алаш қайраткерлерінің педагогикалық мұралары негізінде ұлттық тұлға қалыптастыру: пед. ғыл. док. ... дис. - Алматы, 2010. - 238 б.
- 46 Құнанбаев А. Қара сөздері. - Алматы, 1993. - 91 б.
- 47 Құнанбаев А. Өлеңдер жинағы. - Алматы: Жазушы, 1978. - Т.1. - Б. 19.
- 48 Атемова Қ. Т. Түркі халықтарындағы отбасы тәрбиесі дәстүрлерінің қалыптасуы. - Алматы: «Қазақ университеті» баспаханасы, 2009. - 328 б.
- 49 Атемова Қ.Т. IX-XII ғасырлардағы ұлы ғұламалардың отбасы тәрбиесі туралы ой-пікірлері. - Астана, 2007. - Б. 113.
- 50 Назарбаев Н.Ә. // Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ Қазақстан халқына жолдауы-2050 Білім және Мәдениет // <http://bilimsiti.kz>
- 51 Әл-Фараби. Бақытқа жету жолында. Философиялық - әлеуметтік трактатында. - Алматы: Ғылым, 1975. - 305 б.
- 52 «Қабуснама». Өзбек тілінен аударған және алғысөзін жазған - Тұрсынәлі Айнабеков. - Алматы: Балауса, 1992. - 156 б.
- 53 Әл-Фараби. Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары. Әлеуметтік - этикалық трактаттарында. - Алматы: Ғылым, 1975. - 305 б.
- 54 Әл-Фараби. Мемлекет қайтаркерлерінің нақыл сөздері. Әлеуметтік - этикалық трактаттарында. - Алматы: Ғылым, 1975. - С.5-28.
- 55 Әл-Фараби. Философияны оқу үшін алдымен не білу керек. Әлеуметтік - этикалық трактаттарында. - Алматы: Ғылым, 1975. - 305 б.
- 56 Әуелбеков Ә. Әл-Фараби – ұлы ұстаз ғұлама // Оңтүстік Қазақстан. - 2006. - №5-4. - Б. 6-7.
- 57 Атемова Қ.Т. Идея аль-Фараби о воспитании «Идеального человека» в условиях семейного воспитания // Материалы межрегиональной научно-методической конференции «Актуальные проблемы современного образования». - Воронеж, 2009. - С. 254-260.
- 58 Әл-Фараби. Бақытқа жету жолында. Философиялық - әлеуметтік трактатында. - Алматы: Ғылым, 1975. - 305 б.



- 59 Баласағұн Жүсіп. Құтадғу білік//Баспаға дайындаған Әбжан Құрышжанұлы. - Түркістан: Тұран, 2004. - 555 б.
- 60 Махмуд Қашқари. Дивани луғат ат түрік.Түрік тілінің сөздігі. – Алматы: Ана -тілі, 1993.–Б.207-216.
- 61 Атемова Қ.Т. М.Қашқари еңбектеріндегі отбасы тәрбиесі мәселелері //«Қазақстан қоғамының модернизациялау жағдайындағы педагогикалық білім: мәселелері мен болашағы» Республикалық ғылыми – прак. конференция материалдары. - Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2007. – Б. 115-121.
- 62 Атемова Қ.Т. Махмут Қашқари көзқарасындағы маманның кәсіби тұлғасын қалыптастыру талаптары.// Қазақстанның ғылымы мен өмірі. Халықаралық ғылыми-көпшілік журнал ВАК. - Астана, 2014. - №3-4(24-25). - Б.131-134.
- 63 Қазақ мақал - мәтелдері /құрастырған: Ж.Малайсайрин. - Алматы, 2004. - 184 б.
- 64 Атемова Қ.Т. Ұлы ғұламалар еңбектеріндегі гумандық ойлардың ұлттық негізі. Этнопедагогика в условиях реформирования системы образования// Материалы межд. науч. практ.конф. -Джетысай, 2001. - Б.86-89;
- 65 Кейкаус Кабуснама// Қазақстан әйелдері. - 1993. - №3.- Б. 18-19.
- 66 Атемова Қ.Т. Мендикулова Ж.А. Махмут Қашқари мұраларындағы маманның тұлғалық сапалары туралы көзқарастары Қазақстан инженерлік – педагогикалық//Халықтар достығы университетінің құрылтайшысы Б.С. Юнусовтың - 60жылдығына арналған «Жастардың заманауи кәсіп таңдауы және оларды білікті маман ретінде қалыптастырудың өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми–тәжірибелік конференциясының материалдары. - Шымкент,2014. - Б.32-36.
- 67 Машанов А.Әл-Фараби. – Алматы,1998.-Б.37-39
- 68 Көбесов А.Әл-Фараби. – Алматы,1971.-176 б.
- 69 Әуелбеков Ә. Әл-Фараби – ұлы ұстаз ғұлама // Оңтүстік Қазақстан. - 2006.- Б.6-7.
- 70 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – 2006, наурыз 1.

- 71 Ясауи Қожа Ахмет. Диуани хикмет. - Алматы, 1993. - 260 б.
- 72 Атемова Қ.Т., Мендикулова Ж.А. Болашақ педагог мамандардың кәсіби тұлғасын ұлы ғұламалар мұралары негізінде қалыптастыру // Педагогика және Психология.Ғылыми –әдістемелік журнал. - Алматы, 2014, маусым. - №2 (19). - Б. 103-106.
- 73 Жұмабаев М. Педагогика. - Алматы: Ана - тілі, 1992. - 160 б.

## ҚОСЫМША-А

### ТАҚЫРЫП БОЙЫНША ГЛОССАРИЙ

**Әдіс** - (грек тілінен аударғанда зерттеу жолы, таным жолы деген мағынаны білдіреді) зерттеу объектісінің қозғалу заңдылықтарынан келіп шығатын теориялық және тәжірибелік әрекетті меңгерудің формасы.

**Әдіснама** - грек сөзінен алынған, әдіс туралы ғылым немесе әдіс теориясы деген мағынаны білдіреді. Философиялық энциклопедияда: әдіснама - дүниені философиялық тұрғыдан түсіндіретін ілім деп анықтама беріледі.

**Жеке тұлға** – бұл адамның қоршаған әлемге дербес бейімділігін анықтайтын, оның мінезінің, темпераментінің, интеллектісінің және дене құрылысының (конституциясының) азды-көпті тұрақты құрылымы.

**Кәсіби білім беру** - нақты мамандық бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының және бағдарламаларының талаптарына сәйкес кәсіби білім, білік және дағдыларды маманның игеру үдерісі.

**Кәсіп** – бұл, кәсіптік оқу және тәжірибе жинақтау нәтижесінде игерілетін, белгілі бір білім мен машықтарды талап ететін еңбек қызметінің түрі.

**Маманның кәсіби тұлғасы** дегеніміз, бұл – қоғамдық қажеттіліктер негізінде туатын әр адамның білім, тәрбие және әлеуметтену деңгейіне байланысты қалыптасқан кәсіби қызметінің адами сапаларда көрінуі болып табылады. Сонымен қатар, маманның кәсіби тұлғасы, бұл белгілі бір кәсіби қызметті тиімді жүзеге асыруға қажетті кәсіби тұлғалық сапалары.

**Кәсіби мамандар** - университет біліміне және үлкен тәжірибеге ие, өз саласында жоғары шеберлігі бар, шығармашылық еңбекпен айналысатын және өзін-өзі жұмыспен қамтушылар қатарына жататын (заңгерлер, дәрігерлер, ғалымдар, ұстаздар, т.б.) адамдар. Осындай кәсіптерді меңгерудің өзі нақтылана түседі, оны мамандану деп айтамыз.

**Мамандандыру** - бұл көрсетілген мамандық шеңберінде адамның өз саласындағы кәсіби ісінде қолдануға бағытталған

білім, іскерлік және дағдылар жиынтығы.

**Кәсіпке бейімделу** - ол мамандықты меңгеру кезіндегі тұлғаның кәсіби қасиеттерінің қалыптасуынан, еңбек дағдыларынан көрінеді. Кәсіпке бейімделу адамның ұжымға сіңуіне әсер етеді.

**Парадигма** – ғылым дамуының белгілі бір кезеңдерінде ғылыми қоғамның қабылдаған әдіснамалық және теориялық қағидаларының жиынтығы, ғылыми зерттеудің үлгісі, стандарты, зерттеу мәліметтерін, болжамдар мен ғылыми міндеттердің жиынтық үлгісі ретіндегі көрінісі.

**Педагогикалық іскерлік** – теориялық білімдерге негізделген және жан-жақты үйлесімді тұлғаны дамыту міндеттерін шешуге бағытталған рет-ретімен жүзеге асырылатын іс-әрекеттердің жиынтығы.

**Тәрбие** – халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық дәстүрлерін жас ұрпақтың бойына сіңіру.

**Тәрбие** – жас ұрпақты қоғамда өмір сүруге және еңбек етуге бейімдеу.

**Тұлға** - өзін қоршаған әлеммен қарым-қатынасқа түсу барысында қалыптасады. Қоршаған ортамен араласа жүріп адам өзінің мақсаты жолындағы міндеттерін іске асырып дамиды. Адамдық тұлға, яғни тұлға түсінігін түсіндіретін объективтік реалдылық, бұл реалды индивид, тірі әрекеттегі адам (С.Л.Рубинштейн).

**Тұлға мәртебесі**– тұлғааралық қарым-қатынастар жүйесіндегі адамның орны және топ мүшелеріне ықпал ету шегі.

**Тұлғалық сапа** – танымдық белсенділігі мен қажетсінуі, мотивациясы негізінде қаланатын жеке тұлғаның іс-әрекетіндегі жаңаны жасаудағы креативтілігі мен жаңа нәтижеге қол жеткізуге ұмтылысынан танылатын, өзіндік жұмысы, ізденуі мен жаңашылдығын бейнелейтін жеке тұлғалық сапасы.

**Тұлғаның кәсібилігі** – кәсіби маңызды немесе тұлғалық-іскерлік сапасының жоғары деңгейін, кәсіби істің акмеологиялық өзгермеушілігін, креативтілігін, талаптанудың барабар деңгейін, мотивациялық саласы мен қарқынды дамуға арналған құндылық бағыттарын көрсететін еңбек субъектісінің сапалық сипаттамасы.

**Тұлғалық құзыреттілік** – тұлғаның өзін-өзі көрсете, дамыта алуы және тұлғаның кәсіби деформациялануына қарсы тұра алуы.

**Тұлғаның кәсіби қалыптасуы** – әрбір адамның балалық шағынан бастап тұлғалық кезеңге дейінгі алған білімі мен тәрбиесінің негізінде, жалпы қоғам мойындаған қағидалар мен заңдылықтарға сай қалыптасуы.

**Тұлғалық сапа** - танымдық белсенділігі мен қажетсінуі, мотивациясы негізінде қаланатын жеке тұлғаның іс-әрекетіндегі жаңаны жасаудағы креативтілігі мен жаңа нәтижеге қол жеткізуге ұмтылысынан танылатын, өзіндік жұмысы, ізденуі мен жаңашылдығын бейнелейтін жеке тұлғалық сапасы.

**Фактор** – қандай да бір үрдістің не құбылыстың қозғаушы күші, сондай-ақ, фактор - қандай да бір құбылыстағы не процестегі маңызды жағдай.

## ҚОСЫМША - Ә

### ҰСТАЗ ТУРАЛЫ НАҚЫЛ СӨЗДЕР

«Жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім – мектептің жүрегі»

Ыбырай Алтынсарин

\* \* \*

«Адамның адамшылдығы жақсы ұстаздан болады»

Абай Құнанбаев

\* \* \*

«Ұстаз деген ұлағатты атауды естігенде, күні бүгінге дейін өзімді шәкірттей сезінемін»

Серке Қожамқұлов

\* \* \*

«Шәкірті жоқ ұстаз – мылқау ұстаз»

Ыбырай Жақаев

\* \* \*

«Егер балалар бірдемені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәлауға тиісті емес, оларға түсіндіре алмай отырған өзін кінәлауға тиіс»

Ыбырай Алтынсарин

\* \* \*

«Мен өзімнің ұстазыма әкемнен кем қарыздар емеспін: әкемнен өмір алсам, ал Аристотельден өмірімді жақсы өткізу туралы білім алдым»

Александр Македонский

\* \* \*

«Мұғалім ісі сырттай қарапайым болғанмен – тарихтағы ең ұлы істің бірі»

К. Д. Ушинский

\* \* \*

«Оқушы жастардың ең сенімді ұстазы, сыр жасырмай ашық айтатын адамы – мұғалім»

Ғ. Мүсірепов

\* \* \*

«Ұстаз – ұлы есім»

Мұхтар Әуезов

\* \* \*

«Ұстазы жақсының ұстамы жақсы»

Халық даналығы

\* \* \*

«Ұстаз... жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, ешнәрсені ұмытпайтын... алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі, мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ, жұрттың бәріне... жақсылық пен ізгілік көрсетіп...қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек»

Әл-Фараби

## МАЗМҰНЫ

<b>Кіріспе.....</b>	<b>3</b>
<b>1-тарау. Ұлы ғұламалар мұраларындағы педагог маманның кәсіби тұлғасы туралы идеялары</b>	
1.1.Әл-Фараби мұраларындағы маманның кәсіби тұлғасы туралы көзқарастары.....	6
1.2.Кейкаустың «Қабуснама» кітабындағы маманның кәсіби тұлғасы туралы көзқарастары.....	25
1.3.Ж.Баласағұн мұрасындағы кәсіп таңдау мен кәсіп иесінің тұлғалық қалыптасуына деген көзқарастары.....	31
1.4.Махмұт Қашқари мұраларындағы маманның кәсіби тұлғасы туралы көзқарастары.....	36
1.5.Қ.А.Ясауидің «Диуани хикметіндегі» тұлға дамуының кәсіби қалыптасумен үйлесімділігі.....	47
<b>2-тарау. Ұлы ғұламалар мұраларындағы педагог маманның кәсіби тұлғасы туралы идеяларының кейінгі ұрпақ өкілдері еңбектеріндегі сабақтастығы</b>	<b>51</b>
2.1. Қазақ ақындары мен жыраулары көзқарасындағы азаматтың тұлғасы туралы көзқарастары.....	51
2.2. Ж.Аймауытовтың мұраларындағы мамандық таңдау мен маман тұлғасы туралы көзқарастары.....	55
2.3. Мағжан Жұмабаевтың педагог маманның кәсіби сапалары туралы көзқарастары .....	61
<b>Қорытынды.....</b>	<b>68</b>
<b>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....</b>	<b>69</b>
<b>Қосымша-А. (Тақырып бойынша глоссарий).....</b>	<b>75</b>
<b>Қосымша-Ә. (Ұстаз туралы нақыл сөздер).....</b>	<b>78</b>



**Атемова Қалипа Тұрсынқызы,  
Мендикулова Жазира Алтынбековна**

**Ұлы ғұламалар  
мұраларындағы педагог  
маманның кәсіби тұлғасы  
туралы идеялар**

*Оқу құралы*

Басуға 20.07.2017 жылы қол қойылды. Қаріп түрі «Times New Roman»  
Көлемі 5 шартты баспа табақ. Таралымы 500 дана. «Әлем» баспасы.  
Тапсырыс №2007. Шымкент қаласы, Ғ.Іляев көшесі, №7

+ 7 702 331 44 37; +7 776 331 44 37;